

**«Жетісу облысының білім басқармасы» ММ
«Әдістемелік орталығы» КММ-нің
2023 жылы атқарылған жұмысына талдау**

Әдістемелік орталықтың мақсаты: әдістемелік, зерттеушілік, талдамалық және сараптамалық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу.

Міндеттері:

- ✓ калалық (аудандық) оқу-әдістемелік орталығы мен облыстық білім беру ұйымдарын әдістемелік ұсынымдармен, оқу-бағдарламалық құжаттамамен қамтамасыз ету және әдістемелік жұмыс мазмұнын жетілдіруде оларға көмек көрсету;
- ✓ мектепке дейінгі, бастауыш, орта және техникалық кәсіптік білімнің тиімді жұмыс түрлері мен олардың нәтижелері туралы дерекқор құру, жұмыс тәжірибесін жинақтау, талдау мен жүйелеу;
- ✓ республикалық конкурстардың өңірлік кезеңдерін ұйымдастыру, тақырыптық, ғылыми-әдістемелік семинарлардың, конференциялардың және әдістемелік кеңестерді өткізу;
- ✓ басылып шығарылатын оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді апробациялау бойынша сынақ алаңдарын ұйымдастыру және олардың тиімді пайдаланылуына сараптама жүргізу;
- ✓ педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін жағдай жасау;
- ✓ білім беру ұйымдарындағы педагогтердің сапалық құрамын мониторингтеу, педагогтердің біліктілігін арттыруға қажеттілікті анықтау;
- ✓ басқарма алқасының қарауына өз құзыреттілігіне кіретін мәселелерді ұсыну;
- ✓ оқу-тәрбие жұмысындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені және оқытудың заманауи технологияларын зерттеу, іріктеу және практикаға енгізу; оқыту мен тәрбиелеу нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша республикалық ғылыми мекемелер, ұйымдармен байланысты жүзеге асыру;
- ✓ білім беру ұйымдарындағы цифрландыру жағдайына талдау жүргізу.

1. Орталықтың әр бөлімінің функционалдық міндеттері:

Орталық құрылымында 5 бөлім:

мектепке дейінгі және бастауышта білім беру, жалпы орта білім беру, білім беру менеджменті және инновациялық қызмет, білім беру үрдісін акпараттандыру, техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі бар.

• Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру бөлімінің функционалдық міндеттері:

- тәрбиелеу-білім беру, оқу-тәрбие процессінің сапасын талдау, тәрбиеленушілердің даму деңгейлеріне мониторинг жүргізу; әдістемелік қолдау көрсету;
- балаларды ерте дамыту мәселелері бойынша жедел топтар құру;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының меңгерушілерін, тәрбиешілерін, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің, ОПМПК, арнайы мектеп интернаттарының педагогтерін, арнайы мамандарын (*педагог-психолог, дефектолог, логопед, педагог-ассистент, әлеуметтік педагог*) әдістемелік тұрғыда сүйемелдеу;
- «Сәтті қадам», «Кедергісіз келешек» жобалары мен «Жас педагог-психолог» мектебінің жұмысын үйлестіру, іске асыру;

- білім беру ұйымдарындағы педагогтердің сапалық құрамын мониторингтеу;

- семинарлар, конференциялар және т.б да әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыру;

- мектепке дейінгі, бастауыш білімнің тиімді жұмыс түрлері мен олардың нәтижелері туралы дерекқор құру, жұмыс тәжірибесін жинақтау, талдау мен жүйелеу;

- мектепке дейінгі, бастауыш білім беру ұйымдары мен педагогтерді ақпараттық, технологиялық, консалтингтік, психологиялық қолдау, сондай-ақ білім беру ұйымдарын аттестаттауға даярлау үшін әдістемелік сүйемелдеу.

- ***Жалпы орта білім беру бөлімінің функционалдық міндеттері:***

- білім алушылардың білім беру жетістіктеріне мониторинг жүргізу;

- педагогтердің үздік тәжірибесін сараптау, жалпылау және тарату;

- педагог кадрларды біліктілікті арттыру курстарынан оқытуды ұйымдастыру, әдістемелік қолдау көрсету;

- *«Халықаралық зерттеу тапсырмалары: ізденіс, нәтиже»* жобасы аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар жинағын, әдістемелік құралдар әзірлеу;

- білім берудегі инновацияларды енгізуге бағытталған әдістемелік жобаларды құру және іске асыру;

- педагогтердің қауымдастықтарымен іс-қимыл жасау;

- республикалық конкурстардың облыстық кезеңдерін ұйымдастыру, әдістемелік семинарларды, конференцияларды және т.б шараларды өткізу.

- *«Жас мамандар»* мектебінің, пән ассоциацияларының жұмысын үйлестіру, педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

- ***Білім беру менеджменті және инновациялық қызмет бөлімінің функционалдық міндеттері:***

- мектеп басшылары мен орынбасарларының кәсіби шеберлігіне мониторинг жүргізу;

- озық педагогикалық тәжірибені жинақтап, тарату;

- мектеп басшыларына көшбасшылық пен басқару, стратегиялық жоспарлау бойынша кәсіби қолдау көрсету мақсатында *«Табысты басшы»* жобасын іске асыру;

- оқытуда сапаны төмен көрсеткен мектептерді тиімді жұмыс істеу режиміне көшіру, ауыл мектептерін қала мектептеріне жақындастыру мақсатында *«Білім беру сапасын арттыру және тиімді жұмыс істеудің режимі»*, шағын жинақты мектептердің білім сапасын жақсартуда *«Нәтижеге негізделген білім берудегі интеграция»* жобаларын жүзеге асыру;

- тәжірибелік алаңдар мен эксперименттік алаңдар жұмыстарын әдістемелік тұрғыда сүйемелдеу.

- білім беру ұйымдарын аттестаттауға даярлау үшін әдістемелік сүйемелдеу;

- білім беру ұйымдарының өңірлік және басқа да жоғары оқу орындарымен, білім беру орталықтарымен ынтымақтастығын қамтамасыз ету.

- «Тағылым» жобасы аясында «Білім-Инновация» лицейінің тәжірибесін білім беру ұйымдарына тарату, іскерлік байланыс орнату, тәрбие процесін ұйымдастыруда мектеп әкімшілігіне әдістемелік қолдау көрсету.

• ***Білім беру үрдісін ақпараттандыру бөлімінің функционалдық міндеттері:***

- білім беру ұйымын цифрландыру, ақпараттандыру, оны ресурстық қамтамасыз ету процесін іске асыруды ұйымдастыру; оқыту процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізу;

- білім беру және басқару қызметінде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша сыртқы ұйымдармен байланыс орнату;

- оқу процесінде ақпараттандыру жүйесін пайдалану бойынша жұмысты үйлестіруде педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету;

- ақпараттық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша педагогтерге оқыту семинарларын ұйымдастыру;

- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы әдістемелік, тәжірибелік-эксперименттік және инновациялық жұмыс жүйесін ұйымдастыру және жоспарлау;

- білім беру ұйымдарында процестерді цифрландыруды қамтамасыз ету.

• ***Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің функционалдық міндеттері:***

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша конференциялар, семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

- оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу-әдістемелік құралдарды және ұсынымдарды бейін бойынша, оның ішінде электрондық оқулықтарды әзірлеуді ұйымдастыру;

- оқытудың заманауи технологияларын енгізу, білімді бақылау және оқу процесін ақпараттандыру бойынша ұсынымстар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыстың қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу және оны жетілдіру және инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша озық тәжірибені жалпылау және тарату;

- бейінді колледждерде оқу-әдістемелік әдебиеттермен, педагогикалық оқыту құралдарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен, техникалық заманауи оқыту құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы талдамалық материалдар дайындау;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін мамандарының біліктілігін арттыру курстарын әдістемелік қамтамасыз ету;

- білім беру бағдарламаларына, оқу-әдістемелік құралдарға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және электрондық оқулықтарға сараптама ұйымдастыру және жүргізу;

- Worldskills стандарттарының талаптары бойынша ТжКОББ білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуға жәрдемдесу;
- ТжКОББ мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүргізетін ТжКОББ ұйымдары қызметінің өзара іс-қимылды және үйлестіруді жүзеге асыру;
- ТжКОББ ұйымдары, жоғары білім беру ұйымдары мен ұйым (кәсіпорын) мамандарының өзара іс-қимылды жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- білім беру сапасын сыртқы бақылау жүйесін жетілдіру, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жетілдіру мақсатында ТжКОББ ұйымдарының жұмыс берушілер өкілдерімен өзара іс-қимылын жүзеге асыруға жәрдемдесу.

I. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ БЕРУ МЕН ОҚЫТУ

Облыста **403** мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс істейді (*оның ішінде 91 мемлекеттік балабақша, 122 жекеменшік, 190 шағын орталық*).

Онда **31 519** бала қамтылған. Сонымен қатар **5-6** жас аралығында жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарында **8 030** бала тәрбиеленуде. Ал, мемлекеттік және жеке меншік балабақшаларда бала саны - **19 768** бала.

Ағымдағы жылы **28 466** жаңа орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылды. Нәтижесінде 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды қамту – 92% (2022 ж. – 87,3%), 2 мен 6 жас аралығы – 94%-ды (2022 ж. – 92,7%) құрайды. 2023 жылы **2 801** жаңа орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылып, балабақша желісі **18** бірлікке артты.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 1 қыркүйектен бастап балабақшаға баратын арнайы санаттағы отбасылардан шыққан **2 321** (2022 ж.- **1 663** бала 70% жеңілдік алды) бала тегін тамақпен қамтылды.

Облыс бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарда педагогтер саны - **3 188**. Балабақша меңгерушілері - **78**, **13** міндетін атқарушы. Әдіскерлер – **91**, тәрбиешілер **2 063**, педагогтер - **827** (*психолог, музыка жетекшісі, хореограф логопед, дефектолог мамандар*).

Оның ішінде: педагог-модератор - **874**, педагог-сарапшы - **152**, педагог-зерттеуші - **67**, екінші санатты - **314**, бірінші санатты - **110**, жоғары санатты - **44**, санаты жоқ/педагог - **1 627**.

Мемлекеттік балабақшалар мен шағын орталықтардағы педагог саны – **2 203**. Оның ішінде: педагог-модератор - **783**, педагог-сарапшы - **141**, педагог-зерттеуші - **60**, екінші санатты - **200**, бірінші санатты - **92**, жоғары санатты - **27**, санаты жоқ/педагог - **900**.

Ағымдағы жылы тәрбиешілердің кәсіби деңгейін арттыру бойынша да ауқымды жұмыс атқарылды. **966** педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті (2022 ж. *495 педагог*).

Атап айтқанда:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері» курсынан **66** педагог (*тәрбиеші – 50, меңгеруші – 16*) өтті.

2. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Пәндік кәсіби құзыреттілікті дамыту педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша қысқа мерзімді курстан **400** педагог (*МДҰ басшылары (меңгерушілері), әдіскерлері - 50, МДҰ музыкалық жетекшілері -25, мектепалды тобының/ сыныбының педагогтері – 100, МДҰ тәрбиешілері – 175, МДҰ қазақ тілі мұғалімдері – 25, арнайы педагогтер (дефектолог-мұғалім, дефектолог, логопед-мұғалім) – 25*) сертификатталды.

3. Балаларды ерте дамыту институтынан **250** педагог (*мектепке дейінгі тәрбие мен оқыудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын іске асыру - 230 педагог, мектепке дейінгі білім беру модельді іске асыру – 10*) педагог курстан өтті. Қараша айында **10** меңгеруші Астана қаласында курстан өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтарын құру туралы» 2023 жылғы 1 шілде, №192 бұйрығына сәйкес облыста 3 құзыреттілік орталықтары бар. Олар Талдықорған қаласы №42 балабақша, Қаратал ауданы «Балбөбек» балабақшасы, Панфилов ауданы «Арай» балабақшасы.

«Озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтарын құру туралы» 118 – тармағына сәйкес Талдықорған қаласы №42 балабақшасының «Балауса» тобы және Қаратал ауданы «Балбөбек» балабақшасының «Лучики» тобының құзыреттілік орталығының ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысып, тәрбиеленушілердің қызығушылығын ескере отырып, құрылған дамытушы орталарының жұмыстарына бақылау жүргізілді. Педагогтерге жақсартуды қажет ететін тұстары бойынша кері байланыс ұсынылды. Балабақша әдіскерлерімен бірлесе отырып, жылдық, апталық жоспарлары қаралды. Құзыреттілік орталығы педагогтерімен кездесу өткізіп, педагогтерге балалардың сөздік қорын молайтуға бағытталған «Сағат тілі» шеберлік сағаты өткізілді.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің танымдық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы» Панфилов ауданы, «Арай» балабақшасының базасында құзыреттілік орталығында жоспарланған облыстық семинар өтті.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру» атты №42 балабақша құзыреттілік орталығында жоспарланған аймақтық семинар өтті. Құзыреттілік орталығының ұжымы тәжірибелерімен бөлісіп келген педагогтерге Н.Зайцев технологиясымен, «Тілге бойлау» бағдарламасының элементтерін пайдалана отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттерін, шеберлік сағаттарын өткізіп, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануларына ықпал етті.

Ата-аналарына арналған консультациялық пункттер

«Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттер желісін кеңейту» 4 – тармағын орындау мақсатында 71 балабақшада консультациялық пункттер жұмыс жасайды. Кеңес беру пункті отбасылық және қоғамдық тәрбиелеудің біртұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі ұйымдарға келмейтін балалардың тұлғалық жан жақты дамуына қолдау көрсету мақсатында құрылды. Балабақша мамандарынан ата-аналарға кеңес беру жұмысын жүргізетін топ құрылып, балабақшаішілік бұйрық шығарылды. Кеңес беру пунктін жүргізетін мамандарға арналған кесте құрылып, мамандар белгіленген уақытта келген ата-аналармен жұмыстарын жүргізіп бастады. Жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Әдістемелік кабинеттердің жанында балаларды ерте дамыту мәселелері жөніндегі мобильді топтар құру» 37 - тармағын орындау мақсатында Мобильді топ құрамындағы педагогтермен жеке кездесулер өтті. Соның ішінде №42 балабақша мен «Балбөбек» құзыреттілік орталықтарының мобильді топ мүшелерімен кездесіп, облыс көлемінде тәжірибелерін тарату мақсатында жоспар құрылды.

«Инновациялық қозғалыс» жобасы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық технологиялары тәжірибеге енгізуде педагогтерге әдістемелік қолдау мақсатында «Инновациялық қозғалыс» жобасы аясында «Балалардың денсаулығын нығайтуда түзету іс-әрекетін жүргізу ерекшеліктері» тақырыбында №11 «Құлыншақ» балабақшасында облыстық семинар, «Н.А.Зайцев әдістемесі арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту» тақырыбында семинар өткізілді. Күннің 1 және 2 жартысында ұйымдастырылатын іс-әрекеттерді бақылап, ойын арқылы оқытудың жүзеге асырылуын тәжірибеде көре алды. БЕДИ ұйымдастыруымен өткізілген курс барысында облыстық балабақша тәрбиешілеріне «Инновациялық қозғалыс» жобасы аясында «Ерекше білімді қажет ететін балаларды ойын арқылы дамыту», мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында «В.Воскобовичтің дамытушы ойындарын күнделікті іс-әрекетте қолдану» тақырыптарында облыстық семинарлар ұйымдастырылды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде 2023-2024 оқу жылына бастапқы мониторинг жүргізілді. Бұл мектепке дейінгі жастағы балалардың дағдыларын дамыту деңгейінің МДТОМЖМС-да айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

Облыс бойынша ерте жастағы топта бағдарламалық материалды игерудің бастапқы мониторингін талдау мынаны көрсетті: физикалық дағды бойынша көрсеткіш (75%). Іскерліктер мен дағдылардың жоғары деңгейі- **11 020** бала, орташа деңгей-**11 451** бала құрайды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша көрсеткіш (72%) құрайды. Жоғары деңгейде – **10 473**, орташа деңгейді **11 095** бала. Бағдарламалық материалды игеруде аралық мониторингке дейін жасалатын жұмыстар анықталып отыр. Олар ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді деген критериилерді қамтиды.

Танымдық, зияткерлік дағды бойынша көрсеткіш (73%). Жоғары деңгейде – **10 422**, орташа деңгейде – **11 356** құрайды. Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады: түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады деген критериилерді орындауда қиындық жоқ. Мониторинг нәтижесінен үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды және түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстыруда қосымша жұмыстар жүргізуді талап етіп отыр.

Шығармашылық, зерттеушілік дағдысы бойынша (71%). Жоғары деңгейде - **10 032**, орташа деңгейде- **11 464** бала. Шығармашылық, зерттеушілік дағдылары бойынша жасалатын жұмыс түрлері анықталды.

Әлеуметтік, эмоционалдық дағды бойынша (71%). Жоғары деңгейде - **11 123**, орташа деңгейде- **10 001** бала. Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылық танытады, ересектердің дауысын тыңдайды, олардың қимылдарына еліктейді, оған көмекке жүгінеді деген критериилер бойынша жұмыс жүргізіледі.

1 жастағы балалардың физикалық дағдыларының көрсеткіші (58%). Іскерліктер мен дағдылардың жоғары деңгейі - **255** бала, орташа деңгей - **360** бала құрайды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша көрсеткіш (72%) құрайды. Жоғары деңгейде - **243**, орташа деңгейді **435** бала. Бағдарламалық материалды игеруде аралық мониторингке дейін жасалатын жұмыстар анықталып отыр. Олар ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді деген критериилерді қамтиды.

Танымдық, зияткерлік дағды бойынша көрсеткіш (57%). Жоғары деңгейде -**241**, орташа деңгейде- **358** құрайды. Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады: түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады деген критериилерді орындауда қиындық жоқ. Мониторинг нәтижесінен үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды және түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстыруда қосымша жұмыстар жүргізуді талап етіп отыр.

Шығармашылық, зерттеушілік дағдысы бойынша (59%). Жоғары деңгейде - **243**, орташа деңгейде - **371** бала. Шығармашылық, зерттеушілік дағдылары бойынша жасалатын жұмыс түрлері анықталды.

Әлеуметтік, эмоционалдық дағды бойынша (58%). Жоғары деңгейде - **265**, орташа деңгейде - **348** бала. Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылық танытады, ересектердің дауысын тыңдайды, олардың қимылдарына еліктейді, оған көмекке жүгінеді деген критериилер бойынша жұмыс жүргізіледі.

Педагогтерді әдістемелік қолдау

Каникулдық мектеп жобасы аясында «Мектепке дейінгі ұйымда ойын арқылы оқыту процессін ұйымдастыру» вебинары ұйымдастырылды.

Педагогтерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 30 желтоқсан 2022 жылғы № 533 бұйрығы, «Педагогикалық әдеп қағидалары», ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 ж. 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығы түсіндіріліп, «Білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік аттестаттау: мәселелер, шешу жолдары» тақырыбында семинар-кеңес өтті.

Оқытудың тиімді формалары мен әдіс-тәсілдері», «МДҰ Bilimkids – BilimLand онлайн платформасының мүмкіндіктері» тақырыбында вебинарлар ұйымдастырды.

Кәсіби байқаулар

Балаларды отбасылық және ұлттық құндылықтарға баулу, тәрбиеленушілердің мемлекеттік тілді белсенді қолдануы, қазақ халқының патриоттық, мәдени-тарихи дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына баули отырып, танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттері мен адамгершілік құндылықтарын дамытуға ықпал ету мақсатында *«Ана, әже және мен»* сырттай облыстық байқауы 28 ақпанда өтті. Байқау нәтижесі:

I орын- Ж.Сайтбекова, Текелі қаласы

II орын- Б.Мунашева (тәрбиеші), А.Нурдаулет (тәрбиеленуші), Панфилов ауданы, А.Кемелбаева (тәрбиеші), А.Оралбекқызы (тәрбиеленуші), Сарқан ауданы; А.Құрманғалиева, Ескелді ауданы;

III орын- М.Аханқызы (тәрбиеші), Я.Мұратқан (тәрбиеленуші), Сарқан ауданы, С.Токсабаева, Кербұлақ ауданы; С.Абилданова (тәрбиеші), МАД тобының тәрбиеленушілері, Көксу ауданы.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ халқының мәдени мұрасы, салт-дәстүрлері, ұлттық ойындарымен таныстыру және шығармашылық жұмысқа

тарту арқылы балалардың танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында **«Шымырлық пен шеберлік»** 10 наурыз күні облыстық байқауы өтті. «Ханталапай» ұлттық ойын шеңбері:

I орын - Г.Жалғасова, Панфилов ауданы

II орын - Л.Бекмуханбетова, Қаратал ауданы

III орын - Н.Туребекова, Сарқан ауданы, М.Жуманов, Көксу ауданы

«Әке көргенің оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнер шеңберінде:

I орын - Р.Борибекова, Текелі қаласы

II орын - Қ.Баймолдина, Талдықорған қаласы

III орын - Ж.Жантасова (тәрбиеші), Б.Аманжол, А.Бақытжан (тәрбиеленушілер), Сарқан ауданы

14 сәуірде Мектепке дейінгі ұйымдар арасында кітап бұрышын ұйымдастыру, балаларды көркем әдебиетімен таныстыру және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ету мақсатында **«Балаларға базарлық»** атты облыстық байқауы өтті. Ересек жастағы балаларға арналған кітап бұрышы бойынша:

I орын - Ж.Медетбаева, Қаратал ауданы.

II орын - А.Онгарбаева, Панфилов ауданы

Кіші жастағы балаларға арналған кітап бұрышы бойынша:

II орын - Ж.Нурланова, Панфилов ауданы иеленді.

11 мамырда қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, қарапайым экологиялық ұғымдарды қалыптастыру мақсатында **«Мен зерттеушімін»** облыстық байқауы өтті. Байқау қорытындысы бойынша:

1 орынды иеленген Текелі қаласы, №2 бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Б.Худияр және Қаратал ауданы №25 балабақшасының тәрбиешісі Р.Токбаеваның бейнематериалдары республикалық кезеңге жолданды.

17 мамырда мектепке дейінгі ұйымның барлық педагог қызметкерлері арасында заманауи жағдайда үздік педагогикалық тәжірибені анықтау мақсатында **«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы»** атты облыстық байқауы өтті. Байқау қорытындысы бойынша:

1 орын – Қаратал ауданы, №25 балабақшасының тәрбиешісі Ш.Садыков;

2 орын – Панфилов ауданы, «Арай» балабақшасының тәрбиешісі А.Мүслімқызының жұмыстары республикалық кезеңге жіберілді.

25 мамырда жазғы кезеңде балалардың демалысын, сауықтырылуын және іс-әрекетпен қамтылуын ұйымдастыруда үлгілік оқу бағдарламаларын тәжірибеде қолдануды іске асыру мақсатында **«Қызыққа толы сәттер»** атты облыстық байқауы өтті.

1 орын – Талдықорған қаласы, №42 балабақшасының тәрбиешісі С.Байбатчаева;

2 орын – Қаратал ауданы, «Балбөбек» бөбекжай – балабақшасының тәрбиешісі А.Какимова;

3 орын – Панфилов ауданы, «Балдырған» балабақшасының тәрбиешісі А.Талғат, Сарқан ауданы «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Ж.Мергембаева иеленді.

11-15 қыркүйек күндері мектепке дейінгі ұйымдар арасында оқыту басқа тілдерде жүргізілетін балаларға мемлекеттік тілді меңгерту арқылы олардың коммуникативтік, танымдық, интеллектуалды, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту мақсатында **«Қазақшаң қалай, балақай?»** байқауы өтті.

1 орын - Талдықорған қаласы, №42 балабақшасының тәрбиешісі Тунгатарова Гульмира.

«Ұйымдастырылған балалар қызметі» номинациясы бойынша

2 орын - Текелі қаласы, №3 бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Мадреимова Сабина Шегебаевна жүлдегер атанды.

19 қыркүйекте Мектепке дейінгі ұйымдардың жаңашыл үлгісін анықтау, озат педагогикалық тәжірибені тарату, насихаттау, педагогикалық бастамаларды ынталандыру, оларға қолдау көрсету мақсатында **«Үздік балабақша-2023»** байқауы өтті. Байқау қорытындысы бойынша:

1. I дәрежелі диплом Қаратал ауданы, «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы;
2. II дәрежелі диплом Талдықорған қаласы, № 5 ясли бақшасы;
3. III дәрежелі диплом Алакөл ауданы, «Нұрай» балабақшасы;
4. «Ізденімпаз балабақша» номинациясы Ақсу ауданы, «Күншуақ балабақшасы»;
5. «Креативті балабақша» номинациясы Текелі қаласы, «№3 бөбекжай балабақшасы»;
6. «Үздік инновациялық алаң» номинациясын Көксу ауданы, «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы иеленді.

22 қыркүйек күні Мектепке дейінгі ұйымдар арасында заманауи жағдайда әдіскерлердің кәсіби шеберлігін анықтау, жалпылау және тарату мақсатында **«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»** байқауының нәтижесінде:

1. I дәрежелі диплом Текелі қаласы, №2 бөбекжай-балабақшасының әдіскері Л.Ж.Кабдулова;
2. II дәрежелі диплом Көксу ауданы, «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының әдіскері Д.Ж.Дәрібаева;
3. III дәрежелі диплом Панфилов ауданы, «Ертөстік» балабақшасының әдіскері К.Х.Абилхасенова иегері атанды.

20 қазанда мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастыру, музыкалық-көркемдік мәнерлілік құралдарымен ұлағатты тарихымыз бен Отанымыздың жетістіктерін насихаттау мақсатында **«Менің елім-Қазақстаным»** атты патриоттық әндер байқауы өтті.

1. I дәрежелі диплом Алакөл ауданы, №1 «Арай» балабақшасы;
2. II дәрежелі диплом Текелі қаласы, ЖК «Ержанов» «Kinderland» бөбекжай балабақшасы;

3. II дәрежелі диплом Қаратал ауданы, «Балбөбек» балабақшасы;
4. III дәрежелі диплом Сарқан ауданы, санаторлық тобымен «Балдырған» бөбекжай-бақшасы;
5. III дәрежелі диплом Талдықорған қаласы, «№45 «Арман» балабақшасы иеленді.

7 желтоқсанда мектепке дейінгі ұйымдар арасында қазақ халқының дәстүрлі спорттық ойын әрекетіне баулу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулыққа және салауатты өмір салтына деген қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыру мақсатында **«Әкем-асқар тауым»** байқауы өтті.

1 орын - Панфилов ауданы, «Арай» балабақшасы;

2 орын -Талдықорған қаласы, №8 «Күншуақ» балабақшасы.

II.ОРТА БІЛІМ БЕРУ

Бүгінгі таңда өңірде **811** білім беру ұйымы жұмыс істейді, оның ішінде **336** мемлекеттік, 4 жекеменшік жалпы білім беру мекемесі бар. Мемлекеттік мектептің **278-і (82,7 %)** ауылдық жерде орналасқан, оның ішінде **147-і** – шағын жинақты мектептер (*ауылдық мектептердің 52,8 %-ы*).

«Мектептерге арналған PISA-2022» қорытындысы

Білім алушылардың білім сапасын жүйелі түрде арттыру мақсатында 2021 жылдан бастап «Мектептерге арналған PISA» (PISA-based Test for Schools) зерттеуі жүргізілуде. 2021 жылы ЭЫДҰ іріктеп алған 200 білім беру ұйымдарында валидациялық кезең өтті.

«Мектептерге арналған PISA» мақсаты – жеке мектеп деңгейінде сыртқы бағалау жүргізу. Тестілеу қорытындылары бойынша әрбір мектеп ЭЫДҰ-дан елдің және әлемнің басқа мектептерімен салыстырғанда функционалдық сауаттылық деңгейі туралы жеке немесе топтық талдамалық есеп алады.

2022 жылы **«Мектепке арналған PISA»** зерттеуіне облыстың 44 білім беру ұйымы, 1 486 білім алушы (мектеп - 41, колледж – 3), оның ішінде 17 қалалық және 24 ауылдық мектеп қатысты.

Білім беру ұйымының атауы		Оқу сауаттылығы KZ 387 OECD 487		Математикалық сауаттылық KZ 423 OECD 489		Жаратылыс тану сауаттылығы KZ 397 OECD 489
Н.Алдабергенов ат. ОМ	18	409	9	430	20	388
Ы.Алтынсарин ат. ОМ	10	430	3	486	7	424

Бауыржан Момышұлы ат.ОМГ	16	414	10	428	13	406
Ш.Уәлиханов ат. ОМГ МДШО	14	418	10	428	18	391
Б.Жолбарысұлы ат. №18 ОМЛ	13	420	17	409	15	401
Н.Крупская ат. ОМ	8	432	21	391	5	428
Талдықорған агро-техникалық колледжі	22	342	23	386	22	368
№4 ОМ	5	461	7	456	3	454
М.Ломоносов ат. №5 ОМЛ	3	474	5	466	12	408
Н.Островский ат.№8 ОМ	4	462	12	424	4	443
Сарқан гуманитарлық колледжі	21	374	22	394	21	369
Ш. Уәлиханов ат. №10 ОМГ	9	431	11	427	6	427
№12 ОМГ	2	485	6	465	2	455
К.Тоқаев атындағы ОМ	19	391	13	421	10	410
Күреңбел қазақ ОМ	14	418	8	452	14	402
№ 20 мамандандырылған лицей	1	530	1	540	1	509
№49 ОМ	7	432	15	414	16	395
М.Мыңбайұлы ат. ОМ	17	412	16	412	20	372
№ 13 мектеп жанындағы интернатымен	17	412	16	412	20	372
№16 ОМГ	17	412	19	394	15	401
№13 ОМ (арнайы сыныптарымен)	17	412	19	394	15	401
Е. Жайсаңбаев ат. ОМ	11	426	2	502	11	409
Крылов ат. ОМ	11	426	2	502	11	409
№ 11 Достық ОМ МДШО	6	435	7	437	9	412
Байысов ат. ОМ МДШО	6	435	7	437	9	412
№ 14 Бескөл ст. ОМ МДШО	6	435	7	437	9	412
М.Әубәкіров ат. ОМ	15	416	8	435	8	419
Калпе ОМ	15	416	8	435	8	419
Қорғас ОМ МДШО	15	416	8	435	8	419
№1 Қабанбай ОМ МДШО	13	420	18	398	15	401
Теректі ОМ МДШО	13	420	18	398	15	401
Ақтүбек ОМ	13	420	18	398	15	401
Қарашоқы	11	426	14	415	19	389
Ж.Егінбаев ат. мектеп жанындағы интернатымен	11	426	14	415	19	389

Қызылтоған ОМ	12	422	4	473	12	408
Сарыбастау ОМ МДШО	12	422	4	473	12	408
Әлихан Бөкейхан ат. ОМ	12	422	4	473	12	408
Қарымсақ ОМ	12	422	4	473	12	408
Көкөзек ОМ МДШО	12	422	4	473	12	408
Черкасск ОМ МДШО Ленин бастауыш мектебімен	12	422	4	473	12	408
Т.Тоқтаров ат. ОМ МДШО	12	422	4	473	12	408
Беріктас ОМ МДШО	12	422	4	473	12	408
Сындыбала Қырықбаева ат. ОМ	12	422	4	473	12	408
Бастөбе сервистік-техникалық колледжі	20	385	20	393	17	392

TIMSS-2023 халықаралық зерттеулері

Ағымдағы жылы сәуір айында өткен **TIMSS-2023** халықаралық зерттеулеріне облыстың **6** білім мекемесі қатысты.

Анықтама үшін:

№	Білім мекемесінің атауы	Ауданы	Оқушы саны
1	М.Мыңбайұлы атындағы орта мектебі	Алакөл	40
2	Үшарал қаласындағы №1 орта мектебі	Алакөл	106
3	Н.Островский атындағы гуманитарлық экономикалық мектеп - лицейі	Сарқан	81
4	№4 орта мектебі	Талдықорған	105
5	Д.Қонаев атындағы орта мектебі	Панфилов	96
6	Пенжім орта мектебі	Панфилов	46

Орталық тарапынан іс-шаралар жоспары жасалынды. Жоспарда зерттеуге қатысатын мектептерге тірек мектептері бекітіліп, бірлескен дайындық жұмыстары жүргізілді. Қысқы каникулдық мектеп аясында «TIMSS тапсырмаларын ұсыну арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында математика, химия, физика, биология, география мұғалімдерінде вебинарлар мен семинарлар өткізілді. Математика және жаратылыстану бойынша TIMSS тест тапсырмалар жинағы баспадан шығып, мектептерге таратылды.

«Халықаралық зерттеу тапсырмалары: ізденіс, нәтиже» жоба

Жоба мақсаты: білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда педагогтерге зерттеу тапсырмаларын құрастыру, ұсыну, тарату.

Қаңтар-сәуір аралығында педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және стандартты емес есептерді шығару жолдары» тақырыбында Көксу, Қаратал аудандары мен Текелі қаласында облыстық семинар ұйымдастырылды.

Ақпан айында «Оқушылардың жаратылыстану функционалдық сауаттылығын арттыруда TIMSS халықаралық зерттеу тапсырмаларын құрастыру, ұсыну жолдары» тақырыбында барлық аудан, қаланың химия,

биология, география пәні мұғалімдеріне арналған бірлескен семинары өткізілді. Сонымен қатар TIMSS халықаралық зерттеуге қатысатын мектептермен «TIMSS зерттеу тапсырмаларын мектепте ұйымдастыру», бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «TIMSS тапсырмалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары», «TIMSS халықаралық зерттеу тапсырмаларын сабақ үрдісінде пайдалану» тақырыптарында тізбектелген вебинарлар ұйымдастырды.

24 ақпанда Панфилов ауданының TIMSS халықаралық зерттеуге қатысатын мектептермен «TIMSS зерттеу тапсырмаларын мектепте ұйымдастыру» семинары өткізілді.

10 наурызда жоба аясында **«Денсаулық»** халықаралық зерттеу мәнмәтін тапсырмалары сырттай байқауының қорытындысы шығарылды.

Бас жүлде - А.Исабеков, Ескелді ауданы;

I орын - А.Джаменкенов, Панфилов ауданы;

II орын - А.Сұлтан, Кербұлақ ауданы;

II орын - О.Мысикова, Қаратал ауданы;

III орын - С.Сандыбаева, Көксу ауданы;

III орын - А.Тоқан- Көксу ауданы;

III орын - Д.Айтбаева, Алакөл ауданы;

III орын - Г.Омарова, Алакөл ауданы.

8 мамыр күні жобаны іске асыруда **«Табиғи ресурстар»** халықаралық зерттеу мәнмәтін тапсырмалары сырттай байқауының қорытындысы шығарылды. Байқау нәтижесі:

I орын - А.Сулейменова, Қаратал ауданы;

II орын - А.Бугаева, Ескелді ауданы, Л.Новикова, Б.Ордабаева, Панфилов ауданы, Н.Касымбаева, Қаратал ауданы;

III орын- Г.Дубекова, Каратал ауданы, А.Наби, Ескелді ауданы, А.Тоқан, Көксу ауданы, А.Манарбекқызы, Қаратал ауданы, Л.Айдосова, Кербұлақ ауданы.

19 маусымда **«Қоршаған орта»** халықаралық зерттеу мәнмәтін тапсырмалары сырттай байқауының қорытындысы шығарылды. Байқау нәтижесі:

I орын - С.Шумакова, Ескелді ауданы;

II орын - К.Алпысбекова, Талдықорған қаласы, Д.Урумбазарова, Сарқан ауданы;

III орын- З.Шарипжанова, А.Турысбекова, Талдықорған қаласы.

10 қазанда «Оқушылардың ғылыми - жаратылыстанушылық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды құрастыру, ұсыну» тақырыбында Алматы облысымен бірлескен вебинар өтті.

08 қарашада жобасы аясында сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуде педагогтерді жаратылыстану - ғылыми сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған тапсырмаларды құрастыруға уәждеу мақсатында **«Қауіптер мен тәуекелдер»** саласы бойынша тапсырмалар байқауы өтті. Нәтижесінде:

I орын – С.А.Курмангалиева, Талдықорған қаласы №9 орта мектебінің физика пәні мұғалімі;

II орын – А.Б.Токашев, Көксу ауданы Қ.Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының география пәні мұғалімі; А.З.Борангазова, Сарқан ауданы Алтынсарин атындағы орта мектебінің химия пәні мұғалімі; М.Б.Алтыбаева, Талдықорған қаласы №11 орта мектебінің химия пәні мұғалімі;

III орын – Н.Б.Аязбаева, Панфилов ауданы Пенжім орта мектебінің география пәні мұғалімі; Б.Б.Оспанова, Ескелді ауданы Мелькомбинат негізгі мектебінің биология пәні мұғалімі; А.А.Смагулова, Алакөл ауданы Алтынсарин атындағы орта мектебінің география пәні мұғалімі; Ж.М.Тулендинова, Көксу ауданы Қ.Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясы биология пәні мұғалімі; Х.А.Шегебайқызы, Сарқан ауданы Абай атындағы орта мектеп - гимназиясының физика пәні мұғалімі иеленді.

ББЖМ-2023 қорытындысы

2022 жылдан бастап білім беру сапасын бағалаудың ұлттық құралы – білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) енгізілді. ББЖМ білім сапасын білім беру ұйымдарынан тәуелсіз елдік жүйелі бақылау болып табылады.

2023 жылы ББЖМ 4-ші және 9-шы сынып білім алушылары арасында кешенді тестілеу нысанында үш бағыт бойынша өткізілді: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы.

Ағымдағы жылдың 26 сәуір - 11 мамыр аралығында орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Мониторингке **64** мектеп қамтылып, **2 559** білім алушы қатысты.

Өңір бойынша 4 сыныпта ББЖМ-2023 жалпы орташа балы 30-дан 15,7 балды құрады. Бұл көрсеткіш орташа республикалық көрсеткіштен 1,17 балға төмен (ҚР – 16,87). орташа көрсеткіштен жоғары нәтижелер 4 аудан/қала көрсетті, оның ішінде Көксу ауданында ең жоғары көрсеткіш (17,6 балл). Өңір бойынша орташа нәтижеден ең үлкен теріс ауытқу Алакөл ауданында байқалады (-2,18 балл). Ең жоғары және ең төмен нәтижелері бар аудандардың орташа балл көрсеткіштеріндегі айырмашылық 4,08 балды немесе 13,6% орындауды құрайды.

Тестілеудің үш бағыты арасында оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалар салыстырмалы түрде сәтті орындалды (ең жоғары 10 балдың 5,73-і). Ең төменгі нәтижені өңір математикалық сауаттылық бойынша алды-12 балдың 5,87-сі.

Өңірде орыс тілінде оқытатын төртінші сынып оқушыларының тапсырмаларды сәтті орындауы байқалады. Айырмашылық 2,15 балға немесе 7,2% орындалуға тең (сәйкесінше 17,1 және 14,95 балл). Аудан/қала деңгейінде ең үлкен алшақтық Ескелді ауданында байқалады (қазақ тілі – 13,41 балл, орыс тілі – 19,26 балл).

Оқу сауаттылығы бойынша Жетісу облысының төртінші сынып оқушылары ең жоғары 10-нан 5,73 балл жинады, бұл тапсырмаларды

орындаудың 57,3% - на сәйкес келеді. Аудан/қала бөлінісінде ең жоғары нәтижеге Панфилов ауданының оқушылары – 6,21 балл, ал Алакөл ауданының төртінші сынып оқушылары (5,16 балл) ең төмен көрсеткішке қол жеткізді.

Математикалық сауаттылық бойынша Жетісу облысының орташа балы максималды 12-ден 5,87-ке тең (тапсырмаларды орындау пайызы – 48,9%). Аудан/қала бөлінісінде ең жоғары көрсеткішке Талдықорған қаласының төртінші сынып оқушылары (7,18 балл) қол жеткізді. Ал ең төменгі көрсеткішті Алакөл ауданының білім алушылары (4,78 балл) көрсетті.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша орташа балы 8-ден 4,1 балды құрады, бұл тапсырмаларды орындаудың 51,3%-на сәйкес келеді. Аудан/қала бөлінісінде ең жоғары көрсеткіш – Көксу ауданында (5,18 балл). Алакөл ауданының нәтижелері бір жарым еседен астам төмен екені анықталды – тек 3,59 балды құрады.

ББЖМ-2023 жалпы орташа балы 9-сыныпта 75-тен 32,78 балды құрады. Бұл көрсеткіш орташа республикалық көрсеткіштен 4,02 балға төмен (ҚР – 36,8).

Өңір бойынша орташа көрсеткіштен жоғары нәтижелер 4 аудан/қала көрсетті, оның ішінде ең жоғары көрсеткіш – Көксу ауданында (41,66 балл). Өңірдің орташа балынан ең үлкен теріс ауытқуы Ескелді ауданында байқалды (-6,15 балл). Осы аудандардың нәтижелері арасындағы айырмашылық 15,03 балл немесе орындалған тапсырмалардың үлесі – 20% құрады.

Оқу сауаттылығы бойынша Жетісу облысының тоғызыншы сынып оқушылары ең жоғары 30-дан 15,6 балл жинады, бұл тапсырмаларды орындаудың 52%-на сәйкес келеді. Аудан/қала бөлінісінде ең жоғары нәтижеге Көксу ауданының оқушылары – 18,69 балл, Ескелді ауданының оқушылары (13,38 балл) ең төмен нәтижеге қол жеткізді.

Математикалық сауаттылық бойынша Жетісу облысының орташа балы ең жоғары 13-тен 5,37-ға тең (тапсырмаларды орындау пайызы – 41,3%). Аудан/қала бөлінісінде ең жоғары нәтижеге Көксу ауданының тоғызыншы сынып оқушылары (7,64 балл), ең азы – Ескелді ауданының оқушылары (4,06 балл) қол жеткізді.

Өңірдің жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша орташа балы ең жоғары 32-ден 11,81 балды құрады, бұл орындалған тапсырмалардың үлесі – 36,9%-ға сәйкес келеді. Аудан/қала бөлінісінде ең жоғары көрсеткіш Панфилов ауданында белгіленді (15,51 балл). Ескелді ауданының көрсеткіштері бір жарым еседен астам төмен – тек 9,19 балл.

«1000 мектепті қолдау» жобасы

Білім алушылардың білім жетістіктері мониторингінің нәтижелеріне қатысты жүйелі негізде әдістемелік қолдау көрсету үшін «1000 мектепті қолдау» жобасына Жетісу облысынан 59 мектеп еніп отыр. (Талдықорған қ.-

4, Текелі қ. -2, Қаратал ауданы- 7, Ескелді ауданы - 4, Көксу ауданы- 4, Алакөл ауданы - 13, Ақсу ауданы - 7, Сарқан ауданы - 3, Панфилов ауданы - 9, Кербұлақ ауданы - 6).

Облыс бойынша 59 мектепке облыстық Әдістемелік орталығының әдіскерлерінен 10 ментор (6 облыстық әдістемелік орталық әдіскері, 4 аудан әдіскері) бекітілді. Жетісу облысының білім басқармасы Әдістемелік орталығымен бірлесіп, «1000 мектеп» жобасын іске асыру шеңберінде білім алушылардың білім жетістіктерінің деңгейін арттыруға бағытталған іс-шара жоспары бекітілді.

Жоба аясында ағымдағы оқу жылының басында 10 ауданның 304 мектеп басшысы мен директордың орынбасарларына мектепшілік бақылауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулыққа байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, практикалық семинарлар ұйымдастырылды. Жауапты менторлармен бірлесіп, 59 мектептің мектепшілік бақылау жоспарларына кері байланыс берілді.

Әдістемелік жиында Жетісу облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен бірлескен «1000 мектеп» жобасын іске асыру шеңберінде білім алушылардың білім жетістіктерінің деңгейін арттыруға бағытталған іс-шара жоспары талқыланды.

Қазан айында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Алматы облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалының Жетісу облысы бойынша өкілдігімен «1000 мектеп» жобасын іске асыру шеңберінде білім алушылардың білім жетістіктерінің деңгейін арттыруға бағытталған каникулдық мектептің бірлескен іс-шара жоспары талқыланды.

Жобаға енген Алакөл, Панфилов, Ескелді, Көксу аудандары білім беру ұйымдарының мектеп басшылары мен орынбасарларына оқу процесінің сапасын бақылауды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсетіліп, ұсыныстар берілді.

Қараша айында Ақсу, Сарқан аудандарының білім беру ұйымдарының басшылары оқу процесін бақылау, білімдегі олқылықтармен жұмысты ұйымдастыру бойынша өзара тәжірибе алмасты. Сонымен қатар Панфилов, Кербұлақ аудандары білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары оқу процесінің сапасын бақылау бойынша және білім сапасына мониторинг жүргізуде әдістемелік қолдау көрсетілді.

30 қарашада мектеп басшыларын әдістемелік тұрғыда сүйемелдеу мақсатында «Білім сапасын мониторингілеу - мектепшілік бақылаудың тиімді құралы» тақырыбында өңіраралық семинар өтті. Аталған шараның пленарлық отырысында БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Әдістемелік қызметті үйлестіру және педагогті кәсіби дамыту орталығының директоры Е.Жұмашов, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жетісу облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысы А.Башаров, мектепшілік бақылауды ұйымдастырудағы өзекті мәселелерді талқылап, білім алушылардың білім жетістіктерін жақсарту бойынша ұсыныстар берді.

Өңіраралық семинарда Алматы, Жетісу облыстарынан 200 мектеп директоры білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары 4 секцияда мектепшілік бақылауды жүргізу бойынша өзара тәжірибе алмасты.

«Білім беру сапасын арттыру және тиімді жұмыс істеудің режимі» жобасы

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын жүзеге асыруда табысты білім беру ұйымдарының тәжірибесін ұсыну мақсатында «Білім беру сапасын арттыру және тиімді жұмыс істеудің режимі» жобасы жүргізілуде.

Күтілетін нәтиже:

1. Жалпы орта білім беретін мектептерді қолдаудың облыстық жобасы әзірленеді.

2. Көшбасшылық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған білім беру ұйымы басшыларының біліктілігін жетілдіріледі.

3. Білім алушылардың жеке прогресін қолдау және бағалауда педагогтердің құзыретін арттыруға бағытталған әдістемелік шаралар жүргізіледі.

4. Білім беру ұйымдары басшыларының, педагогтердің, пән мұғалімдерінің ассоциациясының желісі дамиды.

5. Табысты лицей, гимназиялардың қамқорлығына аудан, қалалардан магниттік мектептер тіркеледі, тәжірибе алмасады.

Жобаға №20 мамандандырылған лицей, М.Арын атындағы №24 мамандандырылған лицей, Талдықорған қаласындағы БИЛ мамандандырылған білім беру ұйымдары, қалалық, аудандық білім бөлімдері, жалпы орта білім беру ұйымдары тартылып, Талдықорған қаласы, Ескелді, Көксу, Қаратал, Алакөл, Ақсу, Сарқан, Кербұлақ, Панфилов аудандарының мектептері магниттік мектептер болып тіркелген.

26 -27 қаңтар күндері «Білім беру сапасын арттыру және тиімді жұмыс істеудің режимі» жоба аясында №20 мамандандырылған лицейінің ұйымдастыруымен «Математика сабағындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын көтерудің әдістері мен бағыттары», «Өзіндік бағыт беру әдістемесі» тақырыптарында вебинар өтті.

22 ақпанда Мұхтар Арин атындағы №24 мамандандырылған лицейінде «Lesson Study» сабақты зерттеу топтарының №3 кезеңі өтті. Іс-шара барысында тірек мектепке тіркелген мектеп педагогтері сабақтарға қатысып, талдау жасады. Соңында кері байланыс алынып, ұсыныстар айтылды.

24,28 ақпан күндері №20 мамандандырылған лицейі «Биология пәнінен олимпиадаға дайындық курсы», «Создание информационно-образовательной среды для обучения информатике с помощью LMS VODDLE» тақырыптарында вебинар ұйымдастырды.

01 наурызда Талдықорған қаласындағы Білім Инновация лицейінде «Тиімді қарым-қатынас дағдылары» семинары өтті. Іс-шара барысында тірек мектепке тіркелген мектеп директорлары, директор орынбасарлары және

педагог-психологтар практика жүзінде тапсырмаларды орындап, талдау жасады. Соңында кері байланыс алынып, ұсыныстар айтылды

30 наурыз күні Талдықорған ДБА «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мамандандырылған лицей-интернатында «Табысты білім беруде – оқушы қажеттілігі» тақырыбында семинар өтті. Аталған шара барысында магниттік мектептердің география, тарих, математика, физика пәнінің мұғалімдері сабақтарға қатысты және шебер сыныпта тәжірибе алмасты.

12 сәуірде М.Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейінің ұйымдастыруымен «Lesson Study» сабақты зерттеу топтарының 4 - кезеңі өтті. Шара барысында тіркелген мектеп педагогтері тәжірибелерімен бөлісті.

М.Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейінің ұйымдастыруымен 14 сәуір күні Көксу ауданында, 17 сәуірде Ақсу ауданында «Lesson Study» сабақты зерттеу топтарының 4 - кезеңі өтті.

19 сәуір күні Талдықорған қаласы «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернатының ұйымдастыруымен «Табысты оқыту - озық тәжірибелер нәтижесі» тақырыбында семинар - практикум өтті.

20, 27 сәуір күндері №20 мамандандырылған лицейі «Новые технологии в образовательном процессе», «Химия сабақтарында виртуалды зертхананы қолдану» тақырыптарында вебинарлар өткізді.

17 мамырда М.Арын атындағы №24 мамандандырылған лицей үйлестірушілерінің қатысуымен Ақсу ауданы педагогтері «Жаңашыл өріске кең бағыт» атты семинарында зерттеу сабақтарын өткізіп, тәжірибе алмасты.

«Нәтижеге негізделген білім берудегі интеграция» жобасы

Жоба мақсаты: қалалық және ауылдық мектептердің арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту, нәтижесі төмен мектептерге мықты мектептердің қамқорлығы арқылы білім алушылардың білім жетістіктерін көтеру.

Жоба міндеттері:

- ✓ Ауыл мектептері білім алушыларының сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- ✓ Оқу мотивациясын арттыру;
- ✓ Ауыл мектептері педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- ✓ Қалалық және ауылдық педагогтер мен білім алушылар арасындағы ынтымақтастықты дамыту.

«Нәтижеге негізделген білім берудегі интеграция» жобасы аясында ағымдағы жылдың 21 ақпанында Көксу ауданы Қ.Қ.Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясы магниттік мектептердің педагогтерімен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда кездесетін кедергілерді анықтау мақсатында кәсіби әңгіме жүргізілді.

Аталған шара барысында болашақта жүргізетін бірлескен жұмыстардың бағыты айқындалды.

Нәтижеге негізделген білім берудегі интеграция» жобасы аясында «Өткен оқу жолына сараптамалық талдау, оқу-тәрбие процесін тиімді жоспарлау» тақырыбында вебинар өтті.

Аталған шара барысында №14 орта мектеп-гимназиясы оқу-тәрбие үрдісін жоспарлаудағы тәжірибесімен бөлісті.

Мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыруда магниттік мектептерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Көксу ауданы, Қ.Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназия ұжымы «Мектепшілік бақылауды қалай тиімді ұйымдастыруға болады?» вебинары өтті. Іс-шараға магниттік мектеп әкімшілігі қатысты. Соңында кері байланыс алынып, ұсыныстар айтылды.

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау

2023 жылы профилактикалық бақылауды нысанға бармай мемлекеттік аттестаттау **121** білім беру ұйымында, оның ішінде **27** балабақшада, **68** мектепте және **26** ТЖКБ ұйымында өткізілді. Оның ішінде мемлекеттік аттестаттаудан **6** балабақша, **7** мектеп және **6** колледж бағалау критерииіне сәйкес өтті.

Мемлекеттік аттестаттаудан өтпеген білім беру ұйымдарына (**21** балабақша, **61** мектеп, **20** колледж) анықталған бұзушылықтарды жоюға және білім беру қызметін Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамалары талаптарына сәйкестендіруге бір жылдан аспайтын уақыт берілді.

Мемлекеттік аттестаттаудан өтпеген **2** білім беру ұйымында (*Ескелді ауданы Балтық би атындағы ОМ, Алакөл ауданы Тоқжайлау ОМ*) 2024 жылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы мектептерде төмендегідей кемшіліктер анықталды:

- жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны толық игерілмейді;
- мектепте бастауыш және жалпы орта білім беру деңгейі бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту процесі талаптарға сәйкес ұйымдастырылмайды;
- «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан, 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық, 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен толық оқытуымен іске асырылмайды;
- педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі білім

беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келмейді;

- білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталмайды;

- Күнделік электронды журналын толтыруда педагогтердің жалпыға міндетті стандарттарының орындалуы (сыныптардың ерекшеліктеріне қарай үй тапсырмаларының берілуі, БЖБ, ТЖБ бойынша балдардан қойылуы) бақылауға алынбайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында кездескен кемшіліктер төмендегідей:

- мамандығы тиісті бейініне сәйкес келмейтін педагогтердің болуы;
- үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер үлесінің аз болуы;

біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/ растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесінің аз болуы.

«Табысты басшы» жобасы

«Табысты басшы» жобасы оқу-тәрбие процесі барысында мектеп директорлары мен директордың орынбасарларына заманауи педагогикалық тәсілдер мен білім беру тәжірибесі негізінде кәсіби қолдау көрсету мақсатында іске асырылуда.

Облыста **336** мектептің **35**-інде (10,4%) директор міндетін атқарушы қызмет етеді. Санаты бойынша: «басшы –ұйымдастырушы» - 62 (18,4%), «басшы – менеджер» - 22 (6,5 %), «басшы – көшбасшы» -10 (2,9%), санаты жоқ мектеп басшылары -210 (62,5%). Еңбек өтілі бойынша 1 жылға дейінгі тағайындалған мектеп директорлары – 43 (12,7%); 1-3 жылға дейін өтілі бар мектеп директорлары – 53 (15,7%); 3 жылдан жоғары өтілі бар директорлар – 240 (71,4%). Қазіргі таңда мектеп басшыларының бос лауазымдық орындары -35 (10,4%).

Мектеп командалары (мектеп директоры және мектеп директорының екі орынбасары) мектептің басым бағыттарына сай басқарушылық шешімдер қабылдау, қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау және стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізу, одан әрі жұмысты жоспарлау дағдыларын арттыру мақсатында Талдықорған қаласы физика математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында «Жалпы білім беретін мектепті басқару» тақырыбында компьютерлік симулятор курсынан 32 мектеп командасы өтті.

«Табысты басшы» жобасын іске асыруда мектеп директорлары мен мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі, әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарларына әдістемелік көмек көрсету мақсатында Талдықорған қаласы Педагогикалық шеберлік орталығымен бірлескен «Критериалды бағалау - сапалы оқытудың негізі» тақырыбында оқыту семинары өтті.

Тренерлер А.Ошакбаева, М.Сатаев, У.Темиргалиева мұғалім тәжірибесіндегі критериалды бағалаудың негізгі стратегияларын ұсынды.

Қаңтар айында «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 513 бұйрығын түсіндіру жұмыстары ZOOM платформасында жүргізілді.

Ақпан айында Алакөл ауданының мектеп басшыларына мектепшілік бақылауды жоспарлау және ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында практикалық семинар өтті.

12 сәуірде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған Талдықорған қаласында «Жалпы білім беретін мектепте балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және қолдау көрсету» тақырыбында оқыту семинары өтті.

21 сәуірде «Табысты басшы» жобасын іске асыру мақсатында **«Білім беру ұйымының үздік жоспары» сырттай байқауының** облыстық кезеңі өткізілді. Төмендегі білім беру ұйымдары сырттай байқаудың облыстық кезеңінің жеңімпаздары деп танылды:

I орын – Талдықорған қаласы Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейі;

II орын – Талдықорған қаласы, №14 орта мектеп-гимназиясы;

II орын – Панфилов ауданы, Д.Қонаев атындағы орта мектебі;

III орын – Көксу ауданы, Еңбекшіқазақ орта мектебі;

III орын – Кербұлақ ауданы, Қоғалы орта мектебі;

III орын – Қаратал ауданы, Т.Молдағалиев атындағы орта мектебі.

Тамыз айында мектеп директорлары мен мектеп директорының орынбасарларына 2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыруда басшылыққа алатын үлгілік оқу жоспарларының ерекшеліктері таныстырылды.

Қыркүйек айында Талдықорған қаласының мектеп басшыларына, мектеп директорының орынбасарларына әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Мектепшілік бақылауды тиімді жоспарлау» тақырыбында практикалық семинар өтті.

Қазан айында орта, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының басшылары мен басшы орынбасарларына педагогтерді аттестаттаудың жаңа ережелері, Ақсу ауданының мектеп директорлары мен орынбасарларына нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау, сонымен қатар бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын өлшемшарттар бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп басшыларына «Балалар-интернет-медиқауіпсіздік» балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті

ұйымдастыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жол картасын іске асыру бойынша таныстыру жұмыстары жүргізілді.

22 қыркүйекте шығармашылықпен, озық инновациялық режимде жұмыс жасайтын білім беру ұйымын анықтау, қолдау және тәжірибесін насихаттау мақсатында «Үздік ауыл мектебі» байқауының облыстық кезеңі өткізілді.

1 дәрежелі диплом - Көксу ауданы Жетіжал орта мектебі;

2 дәрежелі диплом - Панфилов ауданы Әулиеағаш орта мектебі;

3 дәрежелі диплом - Кербұлақ ауданы Сарыөзек орта мектебі;

«Шығармашыл мектеп» номинациясы - Алакөл ауданы Достық ОМ;

«Мектептің білім беру қызметіндегі инновациялық жоба» номинациясы - Ақсу ауданы І.Жансүгіров атындағы ОМ.

Ескелді ауданы Шестаков атындағы орта мектеп базасында облыстық «Жас директор мектебі» ассоциациясының мүшелері мен жаңадан тағайындалған мектеп директорларына «Білім сапасын арттырудағы жобалардың тиімділігі» атты облыстық семинар-практикум ұйымдастырылды.

Мектеп директорлары Ассоциациясының жұмыс жоспарына сәйкес Панфилов ауданы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің базасында ағымдағы жылдың 17 қарашасында «Құндылықтарға негізделген білім берудегі мектеп тәжірибесі» тақырыбында семинар өткізді.

Желтоқсан айында мектеп директорының оқу жұмысы, әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарларына арналған белсенді топ шебер-класс алаңдары өтті.

«Әр географ - өлкетанушы» жобасы

7 наурыз күні жобаны іске асыруда «Таныс, менің ауылым» сырттай бейнетаныстырылым байқауы өтті. Байқау нәтижесі:

I орын - И.Багдалина, Сарқан ауданы;

II орын - Н.Артықбаева, Қаратал ауданы, Н.Алиева, Ескелді ауданы;

III орын - Ж.Босқынова, Талдықорған қаласы, Э.Даданбекова, Текелі қаласы, Г.Ибраимова, Көксу ауданы.

Сәуір-мамыр айларында «География пәнінде туристік-өлкетанушылық, далалық зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру» тақырыбында Алакөл, Панфилов аудандарында облыстық семинар ұйымдастырылды.

4 мамыр күні жоба аясында «Сулар салған сұлулық» облыстық фотоэссе байқауы өтті. Байқау нәтижесі:

I орын- А.Асқарова, Талдықорған қаласы;

II орын- Т.Жарысбек, Сарқан ауданы; Д.Бейсембекова, Көксу ауданы;

III орын- А.Баймұханов, Қаратал ауданы.

Шығармашылықпен жұмыс жасайтын география пәні мұғалімдерін анықтау, кәсіби деңгейінің өсуі мен әдістемелік шеберліктерін қалыптастыру мақсатында 2023 жылдың 27 қарашасында өткен «Өлке топырағы» атты облыстық сырттай шағын зерттеу байқауы өтті.

I орын – А.У.Канагатова, Талдықорған қаласы №28 ІТ мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі;

II орын – С.М.Тостукова, Кербұлақ ауданы Малайсары орта мектебінің география пәні мұғалімі;

III орын – Б.Е.Қалиев, Сарқан ауданы Ақын Сара атындағы орта мектебінің география пәні мұғалімі; К.Ж.Биадилова, Көксу ауданы Талапты орта мектебінің география пәні мұғалімі иеленді.

1 қарашада «Текелі қаласының киелі орындары мен табиғи кешендеріне далалық зерттеу әдістерін жүргізу» тақырыбында облыстық далалық тәжірибелік семинар өтті.

Халықаралық семинар

27 ақпанда педагогтердің пәндік құзыреттілігін арттыру және тәжірибе тарату мақсатында РФ Краснодар қаласы әдістемелік орталығының шақырумен «Лаборатория панорамных уроков» тақырыбындағы халықаралық семинарда 5 педагог: Текелі қаласы №8 ОМ математика пәні мұғалімдері О.Бугрова және Н.Дивеева; Ескелді ауданы Н.Алдабергенов атындағы ОМ география пәні мұғалімі А.Нестеренко; Текелі қаласы №4 ОМ орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Н.Банецкая; Талдықорған қаласы №4 ОМ орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Ж.Касымова тәжірибелерімен бөлісті.

Бірлескен жұмыстар

24 ақпанда орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру мақсатында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Жоғары гуманитарлық мектеп оқытушыларымен бірлесіп, университет базасында «Шеберлік шыңына» атты облыстық ашық дәрісхана өтті.

02 наурызда «Көкжиек-Горизонт» баспасымен бірлесіп, педагогтерді «Қазақ тілі мен әдебиеті» (қазақ тілінде оқытылмайтын сыныптар), «Орыс тілі мен әдебиеті» (орыс тілінде оқытылмайтын сыныптар), «Ағылшын тілі» оқулықтарымен таныстыру мақсатында республикалық әдістемелік семинар ұйымдастырды.

03 наурызда «EDU Stream» Халықаралық білім беру компаниясы «ExpressPublishing» баспасымен бірлескен шетел тілі пәні педагогтерінің пәндік құзыреттілігін арттыру мақсатында «Эффективные и современные инновационные технологии в обучении английскому языку» тақырыбында әдістемелік семинар өтті.

Талдықорған қаласындағы «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығымен бірлескен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттырудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну, әдістемелік көмек беру мақсатында «Информатика пәні бойынша БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын құрудың тиімді жолдары» тақырыбында семинар өткізді.

Сәуір - мамыр аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

(бұдан әрі-Академия) оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі және сабақтарды жоспарлау саласында зерттеу жүргізілді. Зерттеу мектептердегі критериалды бағалауды және сабақтарды жоспарлауды жүзеге асыруға әсер ететін факторларды анықтауға бағытталды. Зерттеу аясында 4, 7 және 10 сынып оқушылары, мұғалімдер мен мектеп басшылары арасында сауалнама жүргізілді. Әр мектептен 10 қатысушы (6 оқушы, 2 мұғалім, 2 мектеп басшысы) қатысты. Зерттеу жұмысына облыстан 15 мектеп қатысты.

25 – 27 сәуір күндері Oxford баспасымен бірлескен шетел тілі пәні педагогтерінің пәндік құзыреттілігін арттыру әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Easy, motivating and meaningful ways of bringing digital technology into the classroom» тақырыбында әдістемелік семинар ұйымдастырды.

12 мамырда І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетімен бірлесіп, мектеп және колледж мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру мақсатында «Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының Білім беру мекемелерінде орыс тілі мен әдебиетін оқытудың теориясы мен практикасы» атты орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ІІІ Республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция материалдарымен жинағы шықты.

Қазан айында ББЖМ өткізуге қатысты «Bilim lend» компаниясымен бірлескен, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетімен «География сабағында STEM технологиясын қолдану арқылы оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту» тақырыбында бірлескен вебинарлар өтті.

Қараша айында «Мектепте география пәнін оқыту ерекшеліктері» тақырыбында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Жетісу университетімен бірлескен оқыту семинары ұйымдастырылды.

«Алматыкітап» баспасымен бірлескен «Топ IQ платформасына қосылу мүмкіндіктері» тақырыбында мектеп администраторы мен аудан әдіскерлеріне арналған вебинар өтті.

08 желтоқсанында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті базасында педагогикалық тәжірибе өтуге дайындық кезінде «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы түлектеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Мұғалімнің практикалық қызметі» тақырыбында оқыту семинары өтті.

Lab Way, Медиа Хол компаниясымен бірлескен: «Жаңа үлгідегі модификациялық кабинеттерінің жұмысы (STEM, робототехника)» тақырыпта оқыту семинары ұйымдастырылды.

Облыстық семинар

Ағымдағы жылдың 25 қаңтарында Талдықорған қаласы №23 орта мектебі «Биоақпараттану және синергетика технологиясын жобалау қызметін қолдану арқылы білім сапасын арттыру» тақырыбында мектеп басшыларымен тәжірибе бөлісу мақсатында семинар өткізді. Семинар барысында Алматы облысының мектеп директорлары О.Асымханова,

А.Байғазиева, Л.Нурмаханова технологияның тәжірибеге тиімділігін көрсетіп, технология авторы Ф.Вассерман мектеп директорларымен пікір алмасып, сұрақтарға жауап берді.

16 ақпанда тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыруда тәжірибе алмасу мақсатында Талдықорған қаласы, №4 орта мектебі базасында «Құқық негіздері пәнін оқыту ерекшеліктері» тақырыбында облыстық семинар өткізді.

28 наурызда Көксу ауданында «Химия мен биология пәнін оқытуда электронды білім беру ресурстарын пайдалану» облыстық семинары өтті.

31 наурызда Қаратал ауданында «Химия-биология сабақтарында STEM технологиясын қолдану» тақырыбында облыстық семинары өтті.

Информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту, әдістемелік көмек көрсету, тәжірибе алмасу мақсатында «Lego Education EV3 негізгі жиынтығы арқылы жай механизмды құрастыру», «Білім беру саласында интеллектуалды робототехниканы қолдану мүмкіндіктері» атты оқыту семинарлары өтті.

06 сәуір Талдықорған қаласында «География пәнін оқытуда электронды білім беру ресурстарын пайдалану» облыстық семинары өтті.

07 сәуірінде тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыруда тәжірибе алмасу мақсатында Көксу ауданы, №1 орта мектебі базасында «Құқық негіздері пәнін оқыту ерекшеліктері» тақырыбында облыстық семинар өткізді.

14 сәуір күні «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған «Оқуға құштар мектеп: идеялар мен тәжірибе» тақырыбында облыстық промо-акциясы өткізілді.

17 мамырда Ескелді ауданында «Химия-биология сабақтарында STEM технологиясын қолдану» тақырыбында облыстық семинары өтті.

23 мамырда оқу процесінде цифрлық педагогиканы қосымша ретінде пайдалану мүмкіндіктермен таныстыру мақсатында орыс тілі мен әдебиеті, математика және физика пәндерінің мұғалімдердің қатысуымен «Цифрлық педагогика: жаңа кадам» тақырыбында облыстық оқыту семинары өткізілді.

23 мамырда оқыту сапасын жақсартуда тиімді технологияларды қолдану, іс-тәжірибесімен бөлісу мақсатында Талдықорған қаласы, №15 орта мектебі базасында аудандық, қалалық білім бөлімі басшылары мен мектеп басшыларына, оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған «Биоақпараттану және синергетика технологиясын оқу-тәрбие үрдісінде қолдану» тақырыбында облыстық семинар өткізді.

20 қазанда жас педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін жетілдіру, әдістемелік көмек көрсету мақсатында Панфилов ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп базасында «Жас педагогтердің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру жолдары» тақырыбында оқыту семинары өтті.

15 желтоқсан күні «Шағын жинақты мектептердің білім сапасын арттырудағы ресурстық орталықтың рөлі» тақырыбында Ақсу ауданының шағын жинақты мектеп педагогтеріне арналған практикалық семинары өтті.

Кербұлақ ауданы Малайсары ОМ, Ақсу ауданы Т.Тоқтаров атындағы ОМ-де «Жаңа үлгідегі модификациялық кабинеттерінің мүмкіндіктері» тақырыптарында оқыту семинарлары өтті.

Облыстық вебинар

19 қаңтар күні «Оқытудың тиімді формалары мен әдіс-тәсілдері» атты вебинар Жаркент, Кербұлақ, Көксу аудандарына өтті.

Сәуір айында қорытынды аттестаттау материалдарын әзірлейтін жұмысшы мен сарапшы топтарымен химия, биология және география пәндері бойынша қорытынды аттестаттау материалдарының ерекшеліктерімен таныстыру мақсатында вебинар өтті.

Білім беру ұйымдарының сайтқа жауапты мамандарына мектеп сайтын тиімді пайдалану мақсатында «Мектеп сайтының конфигурациясы және толтырылуы» атты оқыту вебинары өтті.

Интерактивті мектеп жобасы аясында құрылған мектеп сайттарына арнайы бөлім ретінде «Балалар кітапханасы», «kitaphana.edu.kz», «Педагогикалық сандық кітапхана» автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қосудың түсіндірме жұмысы өтті.

Ақпан айында «Өркен» жетекші мектеп үйлестірушілеріне арналған «Кері байланысты тиімді қолдану арқылы білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауына қалай ықпал етуге болады?», «Мұғалімдердің бағалау құралдарына талдау жасаудағы аналитикалық құзыреттілігі арқылы білім сапасын арттыру» тақырыптарында тәжірибе бөлісу вебинарлары өтті.

28 наурызда сабақты зерттеу (Lesson study) және іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесі бойынша жетекші мектеп үйлестірушілеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Мектептегі зерттеуші фокус топтардың қызметі: мұғалімдер зерттеу тәжірибесін қалай жинақтап таратады?» тақырыбында Кербұлақ ауданы Жаңалық орта мектеп педагогтерімен тәжірибе бөлісу вебинар өтті.

Әдістемелік күндер

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, әдістемелік тұрғыда қолдау көрсету мақсатында әдістемелік күн өткізілді:

Педагогикалық ұжымдағы психологиялық қал-ахуалды анықтау, психологиялық қолдау көрсету мақсатында Сарқан ауданы М.Жұмабаев атындағы орта мектеп, Кербұлақ ауданы Малайсары орта мектебі, Ескелді ауданы Н.Алдабергенов атындағы орта мектебі, Рустембеков атындағы орта мектебі, Балпық би атындағы орта мектебі, Алакөл ауданы М.Төлебаев атындағы орта мектебі, Қаратал ауданы №13 орта мектебі және Көкдала орта мектебінің педагогтеріне оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетілді.

Каникулдық мектеп

Шетел тілі сабақтарында тілдік әрекеттерді ұйымдастыру ерекшеліктері бойынша педагогтерге әдістемелік бағыт беру, өзара тәжірибе

алмасу мақсатында «Шетел тілі сабақтарында тілдік әрекеттерді ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында аймақтық вебинар өтті.

Қысқы каникулдық мектеп аясында «Оқушылардың жаратылыстану бағытындағы функционалдық сауаттылығын арттыруда TIMSS тапсырмаларын құрастыру, қолдану» тақырыбында оқыту вебинарлары өткізілді.

«Білім сапасын жақсартуда басқару мен бақылаудың рөлі» тақырыбында мектеп директорының оқу - ісі жөніндегі орынбасарларына арналған семинар өтті.

«Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы: теория және тәжірибе» тақырыбында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған семинар өтті.

Сарқан ауданының мектеп директорларына мектепшілік бақылауды жоспарлау және ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.

«ПМПК ұсынысына сәйкес түзету-дамыту жұмыстарының ұйымдастырылуы» тақырыбында облыстық вебинар өтті.

Көктемгі каникулдық мектеп аясында «TIMSS тапсырмаларын күнделікті сабақ үрдісінде қолдану» тақырыбында оқыту вебинары өткізілді.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған «Способы развития грамотности чтения на уроках русского языка» тақырыбында облыстық вебинарын ұйымдастырылып, өткізілді.

Педагогтердің білімін үздіксіз кәсіби дамыту, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне «Подготовка к МОДО в процессе достижения целей обучения на уроках русского языка» тақырыбында семинар өткізілді.

Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері» «ББЖМ тапсырмаларының мазмұны мен құрылымы», бастауыш сынып мұғалімдеріне «Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалармен жұмыс», «Оқушыларға жаратылыстану пәнін оқыту мәселелері», «Оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары», география пәні мұғалімдеріне «Білім алушылардың жаратылыстану - ғылыми сауаттылығын арттыруда география пәні тапсырмаларын қолдану», «Білім алушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда математика пәні тапсырмаларын қолдану» тақырыптарында семинарлар өтті.

Каникулдық мектеп аясында жаңадан тағайындалған мектеп директорларына арналған екі күндік оқыту семинары өтті.

Көксу ауданы Б.Құндақбаева атындағы орта мектебі базасында орта білім беру ұйымдары арнайы педагогтерімен «Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында күзгі каникул ұйымдастырылды.

Оқыту сапасын арттыруда заманауи технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдану, бірлескен ортада тәжірибе алмасу мақсатында Қаратал

ауданы Р.Қошқарбаев атындағы орта мектеп базасында «Сабақта интерактивті тапсырмаларды тиімді қолдану арқылы білім алушылардың танымдық дағдыларын арттыру» семинары өтті. Аталған шараға шағын жинақты мектеп педагогтері қатысты.

Аймақтық семинар

Ағымдағы жылдың 01 - 02 ақпан аралығында Талдықорған қаласы №23 орта мектеп командасы сапаны басқару технологиясы ретінде «Биоақпараттандыру және Синергетика технологиясының мүмкіндіктері» тақырыбында Талдықорған қаласы №10, №14, №15, №25 білім беру ұйымдарында тәжірибесімен бөлісті.

Талдықорған қаласы №23 орта мектебінің пән мұғалімдері сапаны басқару технологиясы ретінде «Биоақпараттандыру және Синергетика технологиясының мүмкіндіктері» тақырыбында Алакөл ауданы мектеп басшылары мен педагогтерімен тәжірибе алмасты.

03 ақпанда жас педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін жетілдіру, әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жас педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін жетілдіру жолдары» тақырыбында аймақтық семинар – практикум өткізді.

Сәуір айында зерттеу тәжірибесінде ынтымақтастық пен өзара тиімді іс-қимылды бірлесе ұйымдастыру мақсатында «Сабақты зерттеуді (Lesson study) жүргізу ерекшеліктері» атты жетекші мектеп үйлестірушілеріне аймақтық семинарлар өтті.

16 мамыр күні оқу үдерісінде скаффолдинг тәсілдерін қолданудың тиімді жолдарымен бөлісу мақсатында «Білім берудегі скаффолдинг – оқушыны жетістікке жеткізудің тиімді құралы» тақырыбында жетекші мектеп үйлестірушілеріне аймақтық семинар өтті.

13 желтоқсанда «Педагог тәжірибесіндегі зерттеу» тақырыбында Кербұлақ ауданы шағын жинақты мектеп педагогтеріне арналған практикалық семинар ұйымдастырылды.

Авторлық бағдарламалар

Ағымдағы жылы төмендегі педагогтердің авторлық бағдарламалары облыстық сараптамалық кеңеске ұсынылды:

Ескелді ауданы Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебінің география пәні мұғалімі Ерік Картемиш, 8 сыныпқа арналған «Туристік өлкетану» авторлық бағдарламасы.

Ескелді ауданы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясы мектептің география пәні мұғалімі Алдабергенова Қарлығаш Торехановна «Анатомия және практикум» 8 сыныпқа арналған таңдау пәні бағдарламасы.

Алакөл ауданы Лепсі орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі Р.Нусупованың «Жасушалық биология» тақырыбындағы 9-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарламасы.

Талдықорған қаласы ЖШС «INNOVERSE TALDYQORGAN» жеке меншік мектебі, Қуанышбаев Самат Нұрланұлы, Қалис Ақпейіл «География

пәні бойынша көмекші оқу құралы» география пәнінен ҰБТ, басқа да зерттеулер мен сынақтарға арналған тест тапсырмалар жиынтығы.

Алакөл ауданы Үшарал қаласы «№2 орта мектебі» бастауыш сынып мұғалімі Абдрахманова Тлеукен Даулетказыевна, «Математика әлемі» 2 сыныпқа арналған авторлық бағдарламасы.

Алакөл ауданы Д.Қонаев ат.ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Мухаметжанова Лязат Абаевна «Зерек бала» 4 сыныпқа арналған авторлық бағдарламасы.

Көксу ауданы Медеубай Құрманов атындағы № 2 орта мектеп бастауыш сынып мұғалімі Атыманова Гульназ Жолжаксынова, Әдебиеттік оқу пәні бойынша 3 сынып таңдау пәніне арналған «Сөз мәйегі» көмекші құралы.

Талдықорған қаласы № 2 орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі Бактыбаева Саулеш Шаймуратовна, «Этнокультурные традиции казахского народа и англоговорящих стран:11 класс» авторлық бағдарламасы.

Ескелді ауданы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының физика пәні мұғалімі М.Сейтбаева тақырыбы «Қарапайым тәжірибелер» 7-8 сыныпқа арналған бағдармасы.

Талдықорған қаласы №24 М.Арын атындағы мамандандырылған лицейінің математика пәні мұғалімі Г.Есимбекова 5 сыныпқа арналған «Қызықты математика» қолданбалы курсының бағдарламасы.

Көксу ауданы Биғайша Құндақбаева атындағы №1 орта мектебінің педагог-психологі Смайлова Маржан Советкановна 7-9 сыныптарға арналған «Мен-БРЭНД» авторлық бағдарламасы.

Көксу ауданы МЖШО бар Бесқайнар орта мектебінің педагог-психологі Нұрғазықызы Әсем 2-11 сыныптарға арналған «Күш бірлікте» авторлық бағдарламасы.

Панфилов ауданы Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Д. Қонаев атындағы орта мектептің педагог-психолог Уджукулова Анар «1-11 сынып оқушыларына арналған психодиагностикалық дәптерлері» авторлық бағдарламасы.

Текелі қаласы №5 орта мектептің педагог - психологі Ілікбай Арайлым Болатқызы «Тәуекел» тобындағы оқушыға арналған «Өз өмірім өз қолымда» жеке түзету - дамыту бағдарламасы.

Панфилов ауданы Ш.Уалиханов атындағы орта мектептің педагог-психологі Акимжанова Айгерім Құрманғалиқызы «5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі» авторлық бағдарламасы.

Текелі қаласы №4 орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бюрина Меруерт Хамитовна «Развитие читательской грамотности учащихся 5 классов через работу с текстом» жұмыс дәптері.

Текелі қаласы №4 орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Банецкая Наталья Николаевна «Развитие читательской грамотности учащихся 5 классов через работу с текстом» авторлық бағдарламасы.

Қаратал ауданы К.Тоқаев атындағы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жужа Ирина Юрьевна «Духовно-нравственные ценности в произведениях Кемеля Токаева» авторлық бағдарламасы.

Қаратал ауданы К.Тоқаев атындағы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гончарова Светлана Викторовна, «Жизненный путь и творческое наследие Кемеля Токаева: патриота и гражданина» авторлық бағдарламасы.

Талдықорған қаласы Ломоносов атындағы №5 орта-мектеп лицейінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Бакирова Замира Абдикадировна «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар жинағы» 8 - сыныпқа арналған әдістемелік көмекші құралы.

Ескелді ауданы Жетісу орта мектебі Екпінді, Жендік бастауыш мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Аязбаева Бакытгуль Базархановна, «Шәкәрім поэмаларының тарихи негіздерін оқыту» авторлық бағдарлама.

Алакөл ауданы МДШО бар Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Бейсенова Жұлдыз Мәуленқызы «Мәтінтаным негіздері» 9- сыныпқа арналған авторлық бағдарлама.

Алакөл ауданы Бұлақты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Аянова Жанар Сериковна «Ұлы дала жыршысы» 9 - сыныпқа арналған авторлық бағдарлама.

Ескелді ауданы Жетісу орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Исабаева Алия Кожахметовна, «Туған жерге тағзым» тарихи – өлкетану курсына арналған авторлық бағдарлама (9 – 11 сыныптар).

Ескелді ауданы Ш.Уәлиханов атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Джуманова Салтанат Кадирбековна, «Яссауитану» жалпы білім беретін мектептің 8-9 сыныптарына арналған арнаулы курс бағдарламасы.

Ескелді ауданы Жетісу орта мектебі Екпінді, Жендік бастауыш мектептерінің тарих мұғалімі Дюсекова Ақмарал Ержанқызы «ҮІ-ХХ ғасырлардағы Қазақстан» авторлық бағдарлама.

Төмендегі педагогтердің авторлық бағдарламалары облыстық сараптамалық кеңеске құжаттары ұсынылды:

Д.Муталив Талдықорған қаласының Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейінің биология пәні мұғалімінің «Молекулалық биология және генетика» тақырыбындағы авторлық бағдарлама республикаға ұсыну үшін құжаттары қаралуда.

М.Қиса Талдықорған қаласының Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейінің физика пәні мұғалімінің «Физика пәні бойынша қиындық деңгейі жоғары есептерді шығару жолдары» тақырыбындағы авторлық бағдарлама республикаға ұсыну үшін құжаттары қаралуда.

С.Әмір Талдықорған қаласының Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейінің химия пәні мұғалімінің «Химия пәнінен 10

сыныптарға арналған жаттығулар жинағы» тақырыбындағы авторлық бағдарлама республикаға ұсыну үшін құжаттары қаралуда.

Ә.А.Әуезова Облыстық әдістемелік орталығы әдіскері «Қонаевтану» 10 сыныптарға арналған авторлық бағдарлама республикаға ұсыну үшін құжаттары қаралуда.

Облыстық байқаулар

14 ақпанда педагогтердің шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын және кәсіби өсуін ынталандыру, мектеп басшылары мен мұғалімдердің инновациялық тәжірибесін зерделеу және тарату мақсатында Zoom платформасы арқылы **«Педагогикалық идеялар фестивалі»** конкурсының облыстық кезеңі өткізілді. Конкурс нәтижелері: **«Білім беру жүйесіндегі менеджмент» бағыты:**

I орын - А.Биназаров, Көксу ауданы;

II орын - Г.Тайкенова, Алакөл ауданы; Г.Бекишева, Талдықорған қаласы;

III орын - А.Адилғазиева, Панфилов ауданы; Н.Беисова, Сарқан ауданы; Т.Токабаева, Панфилов ауданы; Д.Ешкенов, Кербұлақ ауданы;

«Шеберлік палитрасы» бағыты (химия, биология, география, экология):

I орын - Ж.Садыкова, Панфилов ауданы;

II орын - Е.Пак, Қаратал ауданы;

III орын - З. Тусупжанова, Талдықорған қ.

Гуманитарлық бағыттар пәні (қазақ, орыс тілі):

I орын - М.Бутинчинова, Алакөл ауданы; Ж.Садыкова, Панфилов ауданы;

II орын - К.Исраилова, Кербұлақ ауданы; О.Короткова, Ескелді ауданы; Г.Исхакова, Сарқан ауданы;

III орын - Ж. Есимова, Ақсу ауданы; Г.Рябогина, Қаратал ауданы; А.Иманбаева, Көксу ауданы; С.Кашкенова, Сарқан ауданы.

Ағылшын тілі:

I орын - А.Асанова, Ескелді ауданы;

II орын - М.Анисимова, Талдықорған қаласы;

III орын - Р.Кензина, Талдықорған қаласы; А. Джумабаева, Қаратал ауданы.

Физика-математика пәндері (физика, математика, информатика):

I орын - Л.Смаханова, Алакөл ауданы;

II орын - Е.Есимбекова, Ақсу ауданы; А.Утепова, Кербұлақ ауданы;

III орын - М.Джекбаев, Панфилов ауданы.

Қоғамдық пәндер (тарих, құқық негіздері):

I орын - Р.Кузембаева, Алакөл ауданы;

II орын - Г.Жуаспаева, Талдықорған қаласы.

Көркем еңбек, дене шынықтыру, технология, АӘД, музыка, қолданбалы өнер:

I орын - Ж.Каримжанова, Панфилов ауданы;

II орын - Ж.Кресбеков, Ақсу ауданы;

III орын - Н.Манасова, Талдықорған қ.; М.Естибаев, Ақсу ауданы.

Шығармашылық толқын... (мектепке дейінгі ұйым педагогтері):

I орын - С.Саметова, Талдықорған қаласы;

II орын - М.Садырбаева, Текелі қаласы;

III орын - Г.Қойбасова, Панфилов ауданы; О.Давыденко, Сарқан ауданы; Г.Толеумырзанова, Қаратал ауданы.

Бастауыш сынып мұғалімдері:

II орын - А.Аликеева, Алакөл ауданы;

III орын - Б.Ажинурова, Панфилов ауданы.

Сабақ аяқталаған соң... бағыты (сынып жетекшілері):

I орын - А.Шынғысова, Талдықорған қаласы;

II орын - Б.Аязбаева, Ескелді ауданы;

III орын - Ә.Хусаинова, Алакөл ауданы; Э.Кайыркубенова, Көксу ауданы; А.Аргынбаева, Сарқан ауданы.

Психолог сандықшасы:

I орын - Г.Нусипханова, Панфилов ауданы;

II орын - С.Касенова, Ескелді ауданы;

III орын - А.Тайтиева, Көксу ауданы.

01 наурызында шығармашылықпен жұмыс жасайтын жас мамандарды анықтау, тәжірибе алмасу мақсатында облыстық «Педагогикалық тандем» атты әдістемелік жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге тәлімгердің педагогикалық өтілі 10 жылдан жоғары, жас маманның педагогикалық өтілі 3 жылдан кем емес жалпы орта білім беру ұйымдарынан 12 тәлімгер, 12 жас маман қатысты. Нәтижесінде:

I орын - Әмір Сәулетхан, Халел Назерке, Талдықорған қаласы М.Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейі;

II орын - Совет Ерханат, Нукен Олжас, Ескелді ауданы Қаратал орта мектебі;

III орын - Ли Валентина Алексеевна, Ахмежанова Дана, Талдықорған қаласы Ш.Уәлиханов атындағы №10 ОМГ; Арынбаева Эльмира, Ерғосаева Ақерке Қаратал ауданы Кәлпе орта мектебі;

«Үздік тәжірибе» номинациясы бойынша Шалимбетова Динара, Қойшыбай Маржангүл Текелі қаласы, №8 орта мектебі.

06 наурызда - **Халықаралық әйелдер күніне арналған шығармашылық байқау** өткізілді. Байқауда 20 жұмыс қаралды. «Ашық хат» номинациясы:

II орын - Г.Сыдыкова, Ақсу ауданы;

III орын - Р.Молакулова. Талдықорған қаласы.

Эссе номинациясы:

I орын - М.Кошкимбаева, Алакөл ауданы;

II орын - Ғ.Иманбекова, Талдықорған қаласы.

Шығармашылық өнер номинациясы:

I орын - А.Кусманова, Алакөл ауданы;

II орын - Г.Агибаева, Ескелді ауданы;

III орын - М.Гымыннұр, Көксу ауданы.

30 наурызында жас педагогтердің шығармашылық потенциалын арттыру, инновациялық белсенділіктерін дамыту, әрі қарай кәсіби шеберліктерін жетілдіруіне жағдай жасау мақсатында облыстық **«Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз»** байқауы өтті. Нәтижесінде:

I орын - Жеңіс Ардақ Ерболқызы, Сарқан ауданы Ақын Сара ОМ;

II орын - Оралбек Аслан Даулетұлы, Ескелді ауданы Абай атындағы ОМ; Төлеуов Ерасыл Максатбекович, Алакөл ауданы Үшарал қаласының №2 ОМ;

III орын - Башембаев Сарсен Кабирович, Көксу ауданы Мұқаншы ОМ; Құрманбаева Айдана Саятқызы, Талдықорған қаласы Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 ОМЛ; Ибрагимова Айгерім Маратханқызы, Панфилов ауданы Үшарал ОМ;

«Шығармашыл ұстаз» номинациясы бойынша Болсамбек Арайлым Бакыткелдықызы, Текелі қаласы №6 ОМ.

28 сәуірде **«Заманауи сабақ – педагогтың кәсіби өсуінің көрсеткіші»** атты облыстық байқау өткізілді. Мектепке дейінгі ұйымдар:

I орын - Қ.Бектемисова, Қаратал ауданы;

II орын- Ж.Мазаржанова, Панфилов ауданы, Г.Калидолдаева, Алакөл ауданы;

III орын- Л.Кудайбергенова, Ескелді ауданы; А.Тәбигат, Ақсу ауданы. Бастауыш білім беру:

I орын- А.Омашева, Кербұлақ ауданы;

II орын- А.Касымбекова, Ақсу ауданы;

III орын- Н.Кабдешова, Сарқан ауданы;

III орын- Б.Жикеева, Панфилов ауданы.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша:

I орын- Д.Жанысбаев, Көксу ауданы;

II орын – Б.Жаксыбаева, Кербұлақ ауданы; А.Кыдыкенова, Талдықорған қаласы;

III орын - Ж.Бейсенова, Алакөл ауданы; Г.Жуаспаева, Талдықорған қаласы.

Жаратылыстану-математикалық бағыты:

I орын - А.Айтибаева, Ескелді ауданы;

II орын - А.Бакытбеков, Қаратал ауданы; Ә.Буланова, Талдықорған қаласы;

III орын - О.Бугрова, Текелі қаласы; А.Рафиков, Көксу ауданы; К.Байдилдинова, Ақсу ауданы.

Жаратылыстану бағыты:

I орын - Н.Мұхтар, Қаратал ауданы;

II орын - Г.Кустаубаева, Көксу ауданы;

III орын - А.Самалтырова, Ескелді ауданы; М.Алтыбаева, Талдықорған қаласы.

Музыка, технология, дене шынықтыру және АӘТД пәндері:

I орын - Г.Жумаханова, Панфилов ауданы;

II орын - М.Жылкибаева, Ескелді ауданы;

III орын - Ш.Мараимова, Сарқан ауданы.

24 мамырда жас мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттыру және олардың педагогикалық қарым-қатынас кеңістігін кеңейту мақсатында мақсатында облыстық **жас мамандар Слеті** өткізілді.

Сарапшылар тобының шешіміне байланысты төмендегі аты аталған мұғалімдер облыстық жас мамандар Слеті жеңімпаздары атанды:

«Жүрегімнен шыққан ән» байқауы:

I орын – Ә.Сүлеймен Панфилов ауданы, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі;

II орын – С. Курбаналиев Текелі қаласы, №4 орта мектебі;

III орын – Б.Досжанов Ақсу ауданы, Е.Жайсаңбаев атындағы орта мектебі; А.Ізғұтты Көксу ауданы, Алғабас орта мектебі;

Көркемсөз оқу байқауы:

I орын – А.Қайранова Ескелді ауданы, Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектебі;

II орын – Ә. Ықылас Ақсу ауданы, Жансүгіров атындағы орта мектебі; А.Кадырова Панфилов ауданы, Ш.Уалиханов атындағы орта мектебі;

III орын – К. Мұңсызбай Көксу ауданы, Қызыларық орта мектебі; М.Аңсат Талдықорған қаласы, Құлжабай Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп – лицейі;

MI BATTLE сайысы:

I орын – А.Жуман Кербұлақ ауданы, Ш. Уалиханов атындағы орта мектебі;

II орын – А.Зейноллаев Ақсу ауданы, Н.Есеболатов атындағы орта мектебі; С.Башембаев Көксу ауданы, Мұқаншы орта мектебі;

III орын – А.Накиспеков Сарқан ауданы, Абай атындағы мектеп-гимназиясы; А.Әлімбекова Талдықорған қаласы, Құлжабай Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп – лицейі;

Дойбы турнирі:

I орын – Е. Калдыбеков Талдықорған қаласы, №14 орта мектеп-гимназиясы;

II орын – И. Ахиман Көксу ауданы, С.Қырықбаева атындағы орта мектебі;

III орын – Ы.Ақылбай Кербұлақ ауданы, Сарыөзек орта мектебі; Н.Кадирбек Текелі қаласы, № 5 орта мектебі;

Мобилографтар сайысы:

I орын – Ж.Хұзайыр Сарқан ауданы, №1-мектеп гимназиясы;

II орын – Ұ.Әсемхан Текелі қаласы, №4 орта мектебі; А. Рафиков Көксу ауданы, Б.Құндақбаева атындағы №1 орта мектебі;

III орын – С. Болат, Қаратал ауданы, І.Есенберлин атындағы орта мектебі; Б. Сейтжан Ақсу ауданы, Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы;

Спорт жарысы:

I орын – Талдықорған қаласы, жас мамандар спорт командасы;

II орын – Текелі қаласы, жас мамандар спорт командасы;

III орын – Сарқан ауданы, жас мамандар спорт командасы; Көксу ауданы, жас мамандар спорт командасы;

Капитандар сайысы:

I орын – С. Әбдісамат Көксу ауданы, Жамбыл атындағы орта мектебі;

II орын – Ә. Нұрданәлі Ақсу ауданы, Ғ.Орманов атындағы орта мектебі;

III орын – Е. Уримбаев Алакөл ауданы, Бұлақты орта мектебі; А. Ыбрайымов Текелі қаласы, №1 орта мектебі;

Слеттің «Үздік команда» номинация иегері: Көксу ауданы жас мамандар командасы марапатталды.

Инновациялық бағытта жұмыс жасайтын аудан, қала жетекші мектеп үйлестірушілерін анықтау, қолдау және мадақтау мақсатында **сырттай стендтік сессия** өткізілді. Нәтижесінде:

I орын - Амиржанова Анар Сагинтаевна, Қаратал ауданы әдістемелік орталығының әдіскері;

II орын - Умиртаева Кульжибек Турысбековна, Талдықорған қаласы әдістемелік орталығының әдіскері;

III орын - Онумбаева Асель Олжабиновна, Алакөл ауданы әдістемелік орталығының әдіскері.

28 қыркүйегінде шығармашылықпен жұмыс істейтін, жаңашыл идеясы бар, әдістемелік шеберлігі жоғары ерекше педагогті анықтау мақсатында облыстық **«Жетісу ұстазы»** байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде:

I орын - І.Р.Рахманова, Сарқан ауданы №1 мектеп гимназиясының биология пәнінің мұғалімі;

II орын – К.С.Тоганбаев, Алакөл ауданы Теректі ОМ-нің математика пәнінің мұғалімі;

III орын – Н.Талдаубек, Көксу ауданы М.Құрманов атындағы №2 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі.

Номинациялармен:

«Үздік сабақ» номинациясы – К.Михов, Ескелді ауданы Қаратал орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі;

«Үздік фотоэссе» номинациясы – Д.А.Айдабаева, Талдықорған қаласы Құлжабай Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп- лицейінің биология пәнінің мұғалімі;

«Шығармашыл педагог» номинациясы – М.Бердігулова, Панфилов ауданы Б.Момышұлы атындағы ОМГ-ның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Ұстаздар күніне орай ұстаздық мамандық имиджін насихаттау мақсатында «Менің жүрегімнің мектебі» жас мамандар арасында телеэссе челленджі ұйымдастырылды.

Об қазанда ұстаз мәртебесін көтеру, ұстаздық мамандық имиджін насихаттау отбасы институтының маңыздылығын таныту мақсатында облыстық **«Ұстаздар әулеті»** конкурсы өткізілді. Төмендегі аты аталған ұстаздар номинация иеленді:

«Ұлағат жолындағы ұстаздар» номинациясы – Б.М.Байғалық, Кербұлақ ауданы Қарашоқы орта мектебінің математика пәні мұғалімі;

«Ұстаздықты ұлық тұтқан әулет» номинациясы – М.М.Жапақова, Талдықорған қаласы №10 орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;

«Өмірін ұстаздықпен өрнектеген әулет» номинациясы – М.С.Умбетов, Панфилов ауданы Қожбанбет би атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі.

01 қарашада педагогтардың мәртебесін арттыру, жас мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту және олардың педагогикалық қарым-қатынас кеңістігін кеңейту мақсатында Талдықорған қаласы Оқушылар сарайы базасында өткен облыстық **«Жетісу зияткерлері»** атты алғырлар мен тапқырлар клубы ойыны өтті. Қазылар алқасының шешіміне байланысты:

1 орын – Ақсу ауданы, «Ақсу жастары» командасы;

2 орын – Алакөл ауданы, «Sweet specialists»;

3 орын – Сарқан ауданы, «Жалын» командасы.

Төмендегі командалар номинациялар иеленді:

«Ең алғыр команда» - Текелі қаласы, «Тау баласы» командасы;

«Ең көңілді команда» - Көксу ауданы, «Көксу жастары» командасы;

«Ең үздік капитан» - Талдықорған қаласы, «Жаңа толқын» командасы марапатталды.

13 қараша **«Үздік авторлық бағдарлама»** конкурсына қатысушылардың авторлық бағдарламалары қаралып, республикаға төмендегі ұстаздар жолдама алды:

Көксу ауданы, Б.Құндақбаева мектебінің педагог-психологы М.С.Смайлова;

Ескелді ауданы, Қаратал орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Г.С.Бданова;

Сарқан ауданы Әл-Фараби атындағы орта мектебінің Биология пәні мұғалімі К.Е.Ахметова;

Сарқан ауданы Жетісу орта мектебінің физика пәні мұғалімі Д.А.Жакенова;

Талдықорған қаласы №28 ІТ мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Б.Аязбаева;

Панфилов ауданы «Х.Хамраев атындағы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі М.М.Масимова;

Ескелді ауданы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясы музыка пәнінің мұғалімі Г.Төңкеріс;

Талдықорған қаласы №4 орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Н.Н.Жумабекова.

«Үздік педагог» республикалық конкурсының грант иегерлері:

1.А.В.Нестеренко - Ескелді ауданы Н.Алдабергенов атындағы орта мектебінің география пәнінің мұғалімі;

2.Ж.Б.Абдрешова - Көксу ауданы М.Құрманов атындағы №2 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

«Үздік педагог» республикалық конкурсының облыстық кезең жеңімпаздары:

1. Г.К.Жуаспаева - Талдықорған қаласы №20 мамандандырылған лицейінің тарих пәнінің мұғалімі;
2. М.Қиса - Талдықорған қаласы М.Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейінің физика пәнінің мұғалімі;
3. Ю.И.Федотова-Калошина - Қаратал ауданы С.Морозов атындағы №51 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі;
4. Э.Д.Естибаева - Ақсу ауданы Жансүгіров атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі;
5. Н.Талдаубек - Көксу ауданы М. Құрманов атындағы №2 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі;
6. А.К.Ибраимова - Панфилов ауданы Жамбыл атындағы орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі;
7. Ж.А.Сагиндыкова - Талдықорған жоғары медициналық колледжінің арнайы пән оқытушысы;
8. А.К.Джумабаева - Жаркент жоғары педагогикалық колледжінің арнайы пән оқытушысы.

ІІІ.БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру ұйымдарында **380** мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызмет істейді. Лауазымдағы еңбек өтілі бойынша: 3 жылға дейінгі орынбасарлар - **199** (52%). Бірінші санатты басшының орынбасары - **1** (0,2%), екінші санатты басшының орынбасары – **36** (9,4%), үшінші санатты басшының орынбасары – **75** (19,7%), санаты жоқ – **267** (70,2%). Пән мұғалімі ретінде біліктілік санаты бойынша: педагог– зерттеуші -**50** (13,1%), педагог – сарапшы- **123** (32,3%), педагог – модератор- **126** (33,1%), педагог – **69** (18,1%), жоғары біліктілік санатты- **3** (0,7%), I біліктілік санатты -**2** (0,5%), II біліктілік санатты – **6** (1,5%).

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру

Ағымдағы жылдың тамыз-қыркүйек айларында облыстың 8 аудан, 2 қалада «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» орынбасарларына арналған оқыту семинарлары өткізілді.

Қыркүйек-қараша айларында облыстық білім беру мекеме басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жоспар құрастыру жөнінде әдістемелік көмек берілді.

Қараша айында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Құндылықтар арқылы тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары» тақырыбында Талдықорған қаласы, «Кешкі (ауысымды) мектеп» сынып жетекшілеріне оқыту семинары өткізілді.

Каникулдық мектеп аясында «Құндылықтар арқылы тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары» тақырыбында Ақсу, Панфилов, Кербұлақ аудандары

мен Талдықорған қаласы бойынша білім беру ұйымдарының сынып жетекшілеріне күзгі каникул мектебі өткізілді. Сонымен қатар жаңадан тағайындалған мектеп директорларына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша әдістемелік көмек берілді.

Желтоқсан айында Көксу, Ескелді аудандарында білім беру ұйымдарының сынып жетекшілеріне оқыту семинарлары ұйымдастырылды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары туралы

Бүгінгі күні облыстағы **336** жалпы білім беру ұйымдарының **305** – де «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтары ашылды. Оның **268-і** орта, **37-і** негізгі мектепте ашылды. **32** бастауыш мектепте (ондағы бала саны 424 бала) бала санының аздығына байланысты орталықтар ашылмады.

Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарын құру жұмыстары бойынша қазан айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының **қыркүйек, қазан, қараша** айларында бастауыш, орта, жоғары сынып оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес ата-аналарына **840** сабақ өткізілді. Қатысқан ата-ана саны - **20 931** (*бастауыш - 8352, орта – 8074, жоғары – 4501*).

Сондай ақ, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «**Даналық мектебі**» клубы құрылды. Аталған клуб «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» сынды жобалар арқылы жүзеге асырылуда (**392** іс-шара өткізілді).

Талдықорған қаласы №14 орта мектеп гимназиясында қараша айында «Отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі: тәжірибе. мәселелер» тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған облыстық семинар ұйымдастырылды.

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында **80** сағаттық оқыту курсынан өткен педагогтер саны **416** (*41 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 107 педагог-психолог, 49 әлеуметтік педагог, 11 педагог-ұйымдастырушы, 208 сынып жетекшісі*).

Білім басқармасы тарапынан **394** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, **200** жұмыс тобындағы сынып жетекшілеріне, жаңадан тағайындалған мектеп басшыларына орталық қызметін ұйымдастыру жұмыстары бойынша **5 аймақтық, 4 онлайн** зум платформасы арқылы оқыту семинары, **1** облыстық тәжірибе тарату семинары өтті. Ата-аналарға арналған сабақтар «**Біртұтас тәрбие, ата-аналарды қолдау орталығы**» хэштектері арқылы, инстаграмм, фейсбук әлеуметтік желілерде жарияланды.

«Тағылым» жобасы

Қатысушылар: Талдықорған қаласы «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты, Ақсу ауданы «Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі» КММ, Ескелді ауданы «Шестаков атындағы орта мектебі» КММ, Көксу ауданы

«Б.Құндақбаева атындағы №1 орта мектебі» КММ, Кербұлақ ауданы «Сарыөзек орта мектебі» КММ, Талдықорған қаласы «Н.Островский атындағы №8 орта мектеп» КММ.

Мақсаты: Тәрбие процесінің өзекті мәселелерін шешуде «Білім-Инновация» мамандандырылған лицей-интернатының тәжірибесін тарату, іскерлік байланыс орнату.

Күтілетін нәтиже:

1. Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары айқындалады. Сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған біліктілігін жетілдіріледі.

2. Жоба аясында патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы бірлескен әдістемелік шаралар жүргізіледі.

3. Білім беру ұйымдары басшыларының, педагогтердің, сынып жетекшілері ассоциациясының желісі дамиды.

4. БИЛ қамқорлығына аудан, қалалардан магниттік мектептер тіркеледі, тәжірибе алмасады.

Іске асыру кезеңі: 2022-2025 оқу жылы.

17 қаңтарда «Тағылым» жобасы аясында магниттік мектептер арасында «Құндылықтарға негізделген процесін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында вебинар өткізілді.

31 қаңтар күні «Тағылым» жобасы аясында «Құндылықтарға негізделген білім- тәрбиенің тұғыры» атты ашық есік күнін өткізді.

27 ақпанда «Тағылым» жобасы аясында «Құндылықтарға негізделген тәрбие мен психологиялық қызмет» тақырыбында вебинар өткізілді.

27 сәуір күні «Білім саласындағы оқыту мен тәрбиенің бірізділігі» тақырыбында семинар- практикум өтті. Аталған шараға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен «Академик Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы» кафедрасының професоры, білім және инновациялық технологиялар орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы Ж.Сманкулова, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің оқытушысы, Phd докторы, Edulight education оқу орталығының басшысы А.Тоқсанбаев, Талдықорған қаласы БИЛ директоры А.Аширметов, мектеп директорлары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтері, сынып жетекшілері мен ата-аналармен бірлесіп, орта білім беру ұйымдарында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу шараларын қарастырды.

05 мамыр күні «Тағылым» жобасы аясында: «Тәрбие процесіндегі құндылықтар жүйесі» тақырыбында шебер сынып өткізілді.

Әдістемелік көмек

05 мамыр күні директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтерге сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың тиімді жолдарымен алмасу, аутодеструктивті

мінез-құлықтың алдын алу мақсатында Тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін жағдайлар мен факторлар» тақырыбында тәжірибе алаңы өтті.

Білім басқармасының 27.10.2023 жылғы №1526 бұйрығына сәйкес Талдықорған қаласының №15, №8, №22, №25, №26 орта мектептері, Панфилов ауданының Х.Хамраев, Х.Көбіков, Крылов, Еңбекші, Жамбыл атындағы білім беру ұйымдарының тәрбие жұмыстары зерделеніп, әдістемелік көмек көрсетілді.

Кәсіби байқаулар

«Үздік сынып жетекшісі-2023» облыстық байқауы

Ағымдағы жылдың 03 қазан күні облыстық байқау өтті. Байқау қорытындысы бойынша:

1-орын - Панфилов ауданы, Ш.Уалиханов атындағы орта мектебінің сынып жетекшісі Кегенбаева Жанар Еркімбекқызы,

2 орын - Ақсу ауданы Кеңжыра орта мектебінің сынып жетекшісі Ыдырысова Арай Сұлтанбекқызы,

3 орын - Кербұлақ ауданы Күреңбел қазақ орта мектебінің сынып жетекшісі Саулханова Макпал Садыковна, Талдықорған қаласы,

Қ.Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп-лицейінің сынып жетекшісі Оралбаева Сымбат Аскарбековна «Жаңашыл жетекші» номинациясы,

Қаратал ауданы, Жамбыл атындағы орта мектебінің сынып жетекшісі Ағыбаева Зауре Шынтаевна «Шебер жетекші» номинациясы,

Ескелді ауданы, Н.Алдабергенов орта мектебінің сынып жетекшісі Алтыбаева Райса Сериқбаевна «Ізденімпаз жетекші» номинациясын иеленді.

01-17 наурыз аралығында қазіргі заманда ұмыт болып бара жатқан және өзектілігін жоймаған дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды адамгершілік, тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан жаңғырту мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына **«Dastur» челленджі** өтті.

Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтер командасын анықтау, қолдау көрсету мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының белсенді топ шебер-класс алаңының облыстық кезеңі өтті.

I орын – Кербұлақ ауданы Қарашоқы орта мектебі,

II орын – Ескелді ауданы Шестаков атындағы орта мектебі,

III орын – Ақсу ауданы І.Жансүгіров атындағы орта мектебі иеленді. «Белсенді мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары» номинациясы – «Білім-Инновация» лицейі Жанарбекұлы Рауан, Панфилов ауданы, «Б.Момышұлы атындағы орта мектеп-гимназиясы Батырбекова Гулжайнат Сейтхановна;

«Белсенді педагог-психолог» номинациясы - Талдықорған қаласы, М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп гимназиясы Шаяхметова Айжан Абилгалиевна;

«Белсенді әлеуметтік педагог» номинациясы - Талдықорған қаласы, М.Арын атындағы мектеп лицей Тоқтарбекұлы Нұрлан;

«Белсенді педагог-ұйымдастырушы» номинациясы - Талдықорған қаласы №20 мектеп лицей Шынжырбай Ұлқар, Талдықорған қаласы, «Білім-Инновация» мектеп интернаты Болсанбекова Сағадат Қожатевна;

«Белсенді сынып жетекшісі» номинациясы - Сарқан ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі Биясил Мадина Канапиянқызы иеленді.

28 наурызда Тәрбие саласындағы инновациялық, шығармашылық және әдістемелік тәжірибелерді айқындау, қолдау көрсету мақсатында жас сынып жетекшілерге арналған Облыстық **«TED Talks»** алаңы өткізілді. Байқау нәтижесі: «Құнды тәжірибе» номинациясы- М. Бельгибаева, Ақсу ауданы; А.Шайзада, Сарқан ауданы; Н.Тоқтарбекұлы, Талдықорған қ.

«Жаңашыл идея» номинациясы –Б. Бекшетаев, Алакөл ауданы
«Жаңашыл идея» номинациясы –А.Жумабек, Көксу ауданы.

«Тайм менеджмент» номинациясы– Т.Байгутов, Ескелді ауданы
«Тайм менеджмент» номинациясы– Н. Уткина, Текелі қ.

«Еркін ой» номинациясы- А.Манарбекқызы, Қаратал ауданы;
Д.Кенганова, Панфилов ауданы

«Үздік оратор» номинациясы– Ұ.Ерқалым, Талдықорған қаласы;
Г.Мақсұтова, Кербұлақ ауданы

IV. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2023-2024 орта білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтер саны - **416**. Оның ішінде **406** жоғары білімді, сырттай оқып жатқан-**3**, қайта даярлаудан өткен-**7**. Біліктілік санаты *жоғарғы санат -14, I санат-26, II санат-26, педагог- модератор – 133, педагог-сарапшы – 65, педагог-зерттеуші – 18, педагог – шебер – 0, санатыжоқ -134*. Жұмыс өтілі бойынша *1-4 жыл – 106, 5-10 жыл -126, 11-20 жыл – 123, 21-30 жыл – 37, 31 ж. астам -24* педагог-психолог.

«Сәтті қадам» жобасы

Күтілетін нәтиже:

1. Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары айқындалады. Біліктілігін жетілдіреді.
2. Жоба аясында педагог-психологтердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған бірлескен әдістемелік шаралар жүргізіледі.
3. Білім беру ұйымдары педагог-психологтерінің ассоциациясының желісі дамиды.
4. Білім алушыларды психологиялық сүйемелдеу, мамандардың командалық жұмыс стилі қалыптасады. (377 бұйрық 25 тамыз 2022 жыл.тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, педагог-психолог, әлеуметтік педагог).

Аталған жоба аясында «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы

№ 377 бұйрығын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «СЕНІМ» ассоциациясының мүшелерін тарту арқылы 1 күндік оқыту семинары өтті.

«Психологтің кәсіби дамуы: шеберлік және құзыреттілік» психологтің кәсіби дамуын әдістемелік тұрғыда қамсыздандыру мақсатында педагог-психологтермен форум өтті.

Шығармашылықпен жұмыс жасайтын жас педагог-психологтерді анықтау, қолдау, мадақтау мақсатында «Жетістік формуласы» марафоны облыс педагог-психологтерімен өтті.

«Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері» түсіндірме жұмыстары өткізілді (Көксу ауданы орта білім беру ұйымдарының басшылары, ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтерінен 75 қатысты).

Орта білім беру ұйымында үштік одақтың жұмысын жетілдіруге бағытталған тәжірибелерді енгізудің өзекті мәселелерін талқылау мақсатында «Отбасы тәрбиесін жетілдірудегі педагогикалық ұжым мен отбасының бірлескен қызметі» тақырыбында диалогтік алаңы өтті.

«Сәтті қадам» жобасы аясында жалпы орта білім беретін мектептердің педагог-психологтеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында Сарқан, Ақсу аудандарының мектеп психологтарымен «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау, алдын алу жұмысының ерекшеліктері» тақырыбында әдістемелік десант өтті.

«Білім беру ұйымы жағдайындағы педагог-психологтің қызметі» орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психологінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында 2 күндік оқыту семинары Кербұлақ, Панфилов, Сарқан, Ақсу, Қаратал, Алакөл аудандарының педагог-психологтерімен өтті. Семинар тізбегі 2023-2024 оқу жылында өз жалғасын табады.

2023 жылдың 23-27 ақпан аралығында Көксу ауданының білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметінің жүргізілу ерекшеліктері бойынша әдістемелік күн өткізілді. Педагогтердің қажеттіліктерін ескере отырып, «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «СЕНІМ» ассоциациясының мүшелерімен бірлесіп, әр ауданда 1 күндік оқыту семинары ұйымдастырылып, 380 педагог-психолог қамтылды. «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау, алдын алу жұмысының ерекшеліктері» тақырыбында әдістемелік десанттар тізбегі өтті.

«Білім беру ұйымы жағдайындағы педагог-психологтің қызметі» орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психологінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында 2 күндік оқыту семинары Кербұлақ, Панфилов, Сарқан, Ақсу, Қаратал, Алакөл аудандарының педагог-психологтерімен өтті. 248 педагог-психолог қамтылды. Семинар тізбегі 2023-2024 оқу жылында өз жалғасын табады.

30 қаңтар – 27 ақпан аралығында «Жетістік формуласы» онлайн марафоны өтті.

Ағымдағы жылдың тамыз айында «Білім беру ұйымы жағдайындағы педагог-психологтің қызметі» атты екі күндік оқыту семинары өтті (Талдықорған, Текелі қалалары мен Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары).

11 қазан күні Талдықорған қаласы №12 орта мектеп-гимназиясының базасында мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің педагог-психологтеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Білім беру деңгейлерінің сабақтастығы: мектепке дейінгі бастауыш мектеп, негізгі мектеп, орта мектеп» тақырыбында семинар өтті.

Қараша айында аудан, қалаларда және Талдықорған аграрлы - технологиялық колледж базасында «Жасөспірімдер арасында буллинг, кибербуллинг, аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу жұмыстары» тақырыбында облыстық семинар өтті.

27 қазанында талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өз кәсіптік біліктілігін көрсете алатын психологтарды анықтау, қолдау мақсатында Талдықорған қаласындағы №17 орта мектеп базасында «Үздік психолог» облыстық байқауы өтті. Нәтижесінде:

I орын – Г.Декембаева, Ескелді ауданы Жастар негізгі орта мектебінің педагог-психологы;

II орын – Ө.Нұрғазықызы, Көксу ауданы Бесқайнар орта мектебінің педагог-психологы;

III орын – А.Бекмуханбетова, Текелі қаласы №3 орта мектебі мектебінің педагог-психологі иеленді.

«Үздік портфолио» номинациясы Р.Ошақбаева, Панфилов ауданы Шежін орта мектебінің педагог-психологы;

«Мамандыққа адалдық» номинациясын А.Куркебаева, Қаратал ауданы Кәлпе орта мектебінің педагог-психологы иеленді.

14 желтоқсан Қаратал ауданы Кәлпе орта мектебі базасында «Жасөспірімдер арасында буллинг, кибербуллинг, аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу жұмыстары» тақырыбындағы семинары өтті.

Жас педагог-психолог мектебі

Күтілетін нәтиже:

1. Жоба аясында педагог-психологтердің ассоциациясының желісі дамиды;
2. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыс жүйесі қалыптасады;
3. Тәуекел тобының балаларымен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби құзыреттілігі жүйеленеді;
4. Қауіпсіз білім беру ортасын құру мақсатында тәрбие мен психологиялық қызметінің бірлескен жұмыс сапасы артады;
5. Педагог-психологтердің кәсіби имиджі қалыптасады.

17 қаңтар күні «Балалар мен отбасылардың психикалық денсаулығы, психоәлеуметтік қолдау және білім беру мәселелері жөніндегі ресурстық топтардың ұлттық орталығымен» бірлескен орта білім беру ұйымдарының педагог-психологтеріне «Кеңес беру психологтің кәсіби қызметі ретінде» тақырыбында оқыту вебинары өтті.

18 қаңтар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психологтерімен және «Сенім» ассоциациясы мүшелерімен «Эмпатия психологиялық орталығымен» бірлескен «Кеңес беру психологтің кәсіби қызметі ретінде» тақырыбындағы оқыту вебинары жүргізілді.

19 қаңтар күні техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психологтерімен «Қауіпсіз білім беру ортасын құру және қолдау жұмысы: бірлескен жұмыс» тақырыбында оқыту семинары ұйымдастырылды.

02 ақпанда «Жас педагогтердің пәндік сауаттылығы мен тұлғалық құзіреттілігін жетілдіру жолдары» атты семинар-практикумда тренингтік жаттығу өтті.

16 наурыз техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психологтерімен «Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау, алдын алу жұмысының ерекшеліктері» тақырыбындағы оқыту семинары өткізілді.

«Жасөспірімдер арасында буллинг, кибербуллинг, аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу жұмыстары» тақырыбында облыстық семинар өтті.

07 қараша Кербұлақ ауданы Күреңбел орта мектебі базасында орта білім беру ұйымдары арнайы педагогтерімен «Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында күзгі каникул ұйымдастырылды.

30 қараша Ескелді ауданы Қаратал орта мектебі базасында орта білім беру ұйымдары арнайы педагогтерімен «Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында күзгі каникул ұйымдастырылды.

30 қарашада үздік педагогикалық іс-тәжірибені тарату, шығармашылық қызмет нәтижелері, педагогикалық идеялар, жобалармен бөлісу мақсатында Талдықорған қаласы №13 орта мектеп базасында «**Әдістемелік сандықша**» байқауы өтті.

1. Психологиялық-медициналық-педагогтік консультация, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің педагогтері:

I орын – Г.Е.Адишева -Көксу ауданының №10 ППТК мұғалім-сурдопедагогі;

II орын – А.Р.Вишнякова -Талдықорған қаласының №1 ППТК мұғалім-логопеді;

II орын – Б.Сейтқазы -Текелі қаласының №2 ППТК дефектологі;

III орын – С.С.Шалимбетова -Талдықорған қаласы, облыстық №1 «балабақша-мектеп-интернат» арнайы кешені, тәрбиеші, дефектологі.

2. Орта білім беру ұйымдарының арнайы педагог, педагог-логопедтері:

I орын – Ш.Т.Таменова-Ескелді ауданы, Шестаков атындағы ОМ арнайы педагогі;

II орын – М.А.Белялова -Талдықорған қаласы, №27 ОМ педагог-логопеді;

III орын – А.Асхатқызы -Кербұлақ ауданы, Қосағаш ОМ арнайы педагогі;
Ж.Б.Кәрімов - Көксу ауданы, «Қуаныш» б/б педагог-логопеді.

3. Орта білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагог, педагог-психологтері:

I орын – Р.С.Толебаева, Алакөл ауданы, А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектебінің педагог-психологі;

II орын – Ж.Т.Бейсембаева, Zhansugurov college педагог-психологі;

II орын – Б.А.Абралиева, Кербұлақ ауданы, Беріктас атындағы орта мектебі педагог-психологі;

III орын – Г.Ж.Кузбаева, Ақсу ауданы, Жаңатілеу орта мектебі педагог-психологі; Д.А.Омарова, Қаратал ауданы, Көкдала орталау мектебі педагог-психологі; А.Д.Уджукулова, Панфилов ауданы, Қонаев атындағы орта мектебінің педагог-психологі иеленді.

«Кедергісіз келешек» жобасы

Ағымдағы жылдың қаңтар айында «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» тақырыбында түсіндіру жұмыстары өтті.

31 қаңтар «Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбындағы семинары өтті.

13-14 сәуір күндері «Болат Өтемұратов қорының» ұйымдастыруымен «Аутизм. Баршамызға ортақ әлем» бағдарламасы аясында «Аутистік спектрдің бұзылуы бар балалардың психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбында оқыту семинары өтті.

26 мамырда психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру, ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау, дамудағы ауытқулардың алдын алу және еңсеру мәселелері бойынша отбасына кеңес беру, ПМПК-ның талантты, шығармашылықпен әрекет ететін мамандарды анықтау, оларды ынталандыру мақсатында **«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы»;** Педагогикалық еңбектің беделін арттыру, арнайы білім беру ұйымдары психологиялық-педагогикалық кадрларының шығармашылық белсенділігі мен әлеуметтік-кәсіби қасиеттерін дамыту мақсатында **«Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің үздік педагогі» атты байқауы;** арнайы білім беру ұйымдары үздік педагогтерінің тәжірибесін тарату, жеке тұлғаның әлеуметтік-кәсіби ресурстарын және арнайы білім беру ұйымы педагогтерінің кәсіби шеберлігін дамыту мақсатында **«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі»** республикалық конкурстарының облыстық кезеңі өтті

Қыркүйек айында мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру» тақырыбында оқыту семинары өтті (*Текелі қаласы, Ескелді, Панфилов, Сарқан, Көксу, Кербұлақ, Қаратал аудандары педагогтері қатысты*).

Қазан айында Талдықорған қаласы №8 орта мектеп базасында мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы педагог, педагог-логопедтеріне арналған «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды сүйемелдеуде мектепке дейінгі ұйымдары мен ОПМПК, ППТК өзара әрекеттесуі» тақырыбында оқыту

семинары, «Демеу» ассоциациясымен «ЕБҚБ оқу бағдарламаларын бейімдеу» тақырыбында оқыту вебинары өтті.

5 желтоқсанда №25 орта мектеп базасында жоба аясында «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» оқыту семинары өтті.

«Сенім» ассоциациясы

Қаңтар айында «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында облыстың жас педагог-психолог мамандарына, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психологтарымен «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері» вебинар ұйымдастырылды. Сонымен қатар Талдықорған агро-техникалық колледжінің педагогтерімен «Жаңа формация педагогі- кәсіби маман даярлаудың алғышарты «Қысқы педагогикалық оқу – 2023» оқуда таныстырылым «Қауіпсіз білім беру ортасын құру және қолдау жұмысы: бірлескен жұмыс», тренинг, «№377 бұйрық орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» тікелей эфир, «Медициналық колледждердің білім алушыларын оқыту және тәрбиелеудің тиімді тәсілдері» атты «Қысқы педагогикалық оқу - 2023» семинарында «Қауіпсіз білім беру ортасын құру және қолдау: бірлескен жұмыс» тақырыбында таныстырылым, тренинг өтті.

Ақпан айында Талдықорған жоғары медициналық колледжі базасында «Қауіпсіз білім беру ортасын құру және қолдау жұмысы: бірлескен жұмыс» облыстық консилиум, Ж.Үшкемпіров атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандырылған мектеп-интернат-колледжінің педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетілді.

Ақпан-наурыз айында Көксу, Панфилов ауданының педагог психологтеріне әдістемелік көмек көрсетілді.

Наурызда «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері» түсіндірме жұмыстары (Көксу ауданы орта білім беру ұйымдарының басшылары, ДТДЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтері), Қаратал ауданында «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

Сәуір айында «Балалар мен жасөспірімдердің қарым-қатынасын дамытуға арналған практикалық техникалар» №13 орта мектебі базасында Талдықорған, Текелі қалалары, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандарының колледж, орта білім беру ұйымдарының педагог-психологтері арасында WORKSHOP өтті.

«KAZDREAM SOLUTIONS» «аналитикалық интернет картасы»

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасында әлеуметтік желідегі бала өміріне қауіпсіздік тудыратын қоғамдастықтарды, сайттарды мониторингілеу мақсатында 2023 жылдың ақпан айында «Kazdream Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 1 жылға келісімшарт жасалып (13 962 695 теңге), «Аналитикалық интернет картасы» облыстық жобасы іске асуда. Бүгінгі күнде жоба аясында әлеуметтік желілерде балалар қауіпсіздігін тудыратын ВКонтакте желісі бойынша пайдаланушылардан тұратын девиантты ресурстардың 6030 қоғамдастығы анықталды. Осы қоғамдастықтарда облыс бойынша ересек және жасөспірімдер депрессия/суицидті бағыштайтын желіде - 36 886 (32 балалар мен жасөспірімдер), лудомания - 602 332 (1938 балалар мен жасөспірімдер), жыныстық ауытқулар - 34 393 (840 балалар мен жасөспірімдер) пайдаланушылар тіркелген. Оның ішінде кәмелетке толмаған деп жариялаған парақшалар - 2 871.

Instagram әлеуметтік желісінде - 57 851 ауытқулы парақша анықталды. Олардың ішінде 393 аккаунт облыс оқушылары мен студенттері. Оның 301-і колледж студенттері, 92 – і мектеп оқушылары (Панфилов - 20, Қаратал - 20, Талдықорған -15, Ақсу -10, Кербұлақ - 8, Ескелді - 7, Текелі - 6, Көксу - 4, Сарқан - 2) аккаунттары екені анықталды.

Анықталған оқушылар және олардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, балалар мен жасөспірімдер бақылауға алынды.

2023 жылдың тамыз-қазан айлары аралығында девиантты ресурстар тобы бойынша толық мәліметтер басқарма тарапынан облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жолданды.

V. ПЕДАГОГТІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ

2023 жылы біліктілікті арттыру курстарынан облыс бойынша **5 320** педагог қамтылды.

Ағымдағы жылдың ақпан – маусым аралығында **2 417** педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтіп сертификатталды. **2 903** педагог шілде – желтоқсан айлары аралығында курстан өтті.

№	Курс өткізетін мекеме атауы	Жоспар бойынша	I жарты жылдық	II жарты жылдық
1	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО	836	555	281
2	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы	3250	1220	2030
3	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы МДҰ	400	221	179
4	Балаларды ерте дамыту институты	250	230	20

5	«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»	570	184	386
6	АЖИББДҰ ғылыми-практикалық орталығы (инклюзия)	14	7	7
	Барлығы	5320	2417	2903

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО ҚР жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары *(67 мектеп директоры)*.

№	Контингент	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Мектеп басшылары (6 айлық)	12	12	24
2	Білім сапасын басқару бойынша мектеп командалары	21		21
3	Сапаны басқару үшін басшылардың талдамалық құзыреттері		22	22
	Барлығы	33	34	67

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО арнайы білім беру мекемелері педагогтерінің курс бағдарламасы *(76 мұғалім)*.

№	Бағдарлама атауы	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Психолог		25	25
2	Конфликтология	36		36
3	Түзету сыныптарының мұғалімдері	15		15
	Барлығы	51	25	76

3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО орта білім беру мекемелері мектеп тренерларының курс бағдарламасы *(36 мұғалім)*.

№	Бағдарлама атауы	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Мектеп тәжірибесіндегі зерттеулер		15	15
2	Аналитика бойынша мектеп тренері		21	21
	Барлығы		36	36

4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курс әдістеме және технология бойынша деңгейлік бағдарламасы *(12 педагог)*.

№	Бағдарлама атауы	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы 1 деңгей		8	8
2	Мектептегі мұғалім көшбасшылығы 2 деңгей			
3	Тиімді оқу 3 деңгей		4	4
	Барлығы		12	12

5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері» курсы **(66 педагог)**:

№	Контингент	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Балабақша тәрбиешілері	50		50
2	Балабақша меңгерушілері	16		16
	Барлығы	66		66

6. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО «Мектептегі сабақ: **басымдықтар** және жетілдіру стратегиялары» *(білім мазмұнын тереңдету, бағалау тапсырмаларын әзірлеу, инклюзивті оқыту)* курсы **(579 мұғалім)**:

№	Контингент	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Шет тілі мұғалімдері	65		65
2	Математика мұғалімі	16	41	57
3	Информатика мұғалімі		25	25
4	Физика мұғалімі		22	22
5	Химия мұғалімі	18		18
6	Биология мұғалімі	27		27
7	География мұғалімі	23		23
8	Қазақстан тарихы пәні мұғалімі	25	25	50
9	Бастауыш сынып	124	31	155
10	Қазақ тілі мен әдебиет	82		82
11	Орыс тілі мен әдебиет	25	30	55
	Барлығы	405	174	579

2023 жылы Жетісу облысы бойынша ПШО Филиалынан оқыған педагогтер саны

№	Курстардың бағыттары	Талдықорған қаласы	Қаратал ауданы	Текелі қаласы	Сарқан ауданы	Ақсу ауданы	Алақол ауданы	Кербұлақ ауданы	Көксу ауданы	Панфилов ауданы	Ескелді ауданы	БАРЛЫҒЫ
1	География	3	2		1	1	1	6		7	2	23
2	Химия	4	2		1	3	1	5		1	1	18
3	Физика	2	3	2	1	1	2	2	1	7	1	22
4	Биология	9	1		2	3		2	1	6	3	27
5	Математика	15	1	2	4	4	6	11	4	6	4	57
6	Ағылшын тілі	17	6	6	6	7	6	3	5	5	4	65
7	Қазақ тілі	39	2	4	4	3	6	10	4	4	6	82
8	Орыс тілі	21	2	4	1	5	7	2	6	4	3	55
9	Тарих	20	2	1	1	2	1	9	2	6	6	50
10	Информатика	6	2	1	1	5	1	2	3	1	3	25
11	бастауыш сынып	53	18	6	16	15	12	19		4	12	155
	барлығы	189	41	26	38	49	43	71	26	51	45	579

7. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы пәндік кәсіби құзыреттілікті дамыту педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша қысқа мерзімді курстар (3305 педагог).

№	Контингент	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Бастауыш сынып мұғалімдері	201	199	400
2	Математика мұғалімі	111	139	250
3	Информатика мұғалімі	25	25	50
4	Физика мұғалімі	25	25	50
5	Химия мұғалімі	25		25
6	Биология мұғалімі	50		50
7	География мұғалімі	25		25
8	Тарих пәнін мұғалімі	50	50	100
9	Орыс тілі мен әдебиеті	50	50	100
10	Қазақ тілі мен әдебиеті	111	139	250
11	Шет тілі	87	113	200

12	Ұйғыр тілі		100	100
13	ШЖМ	50	100	150
14	Көркем еңбек		75	75
15	Музыка		25	25
16	АӨТД		100	100
17	Тәлімгер	50	25	75
18	Кітапханашы		175	175
19	Арнайы білім ұйымдарының тәрбиешілері		125	125
20	Педагог-ассистент		50	50
21	Орта білім ұйымдарының басшы, орынбасары		250	250
22	Интернаттық ұйымдардың тәрбиешілері	100		100
23	Арнайы педагогтер		75	75
24	Аға тәлімгер	50	75	125
25	Жаһандық құзыреттілік	210	90	300
26	Онлайн курс		80	80
	Барлығы	1220	2085	3305

2023 жылы Жетісу облысы бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалынан оқыған педагогтер саны

№	Курстардың бағыттары	Талдықорған қаласы	Қаратал ауданы	Текелі қаласы	Сарқан ауданы	Ақсу ауданы	Алақөл ауданы	Кербұлақ ауданы	Көксеу ауданы	Панфилов ауданы	Ескелді ауданы	БАРЛЫҒЫ
<i>Орта білім беру бойынша қысқа мерзімді курстар</i>												
1	Білім беру ұйымдарының басшылары (директорлар)	11	5	1	7	4	5	5	8	5	3	54
2	Білім беру ұйымдарының басшы орынбасарлары (директор орынбасары)	48	7	6	6	6	31	37	8	11	36	196
3	Музыка						25					25
4	Көркем еңбек, бейнелеу өнері, технология	15	4	5	7	4	27	5	3		5	75
5	Бастауыш сынып	75	8	32	9	31	32	30	33	118	32	400
6	Математика 5-9 сынып	34	23	3	9	10	40	18	7	39	12	195
7	Математика 10-11 сынып	17	2	1	4	7	5	5	4	6	4	55
8	Информатика 5-9 сынып	16	3	1	6	3	5	3	4	5	4	50
9	Информатика 10-11 сынып											0
10	Физика 7-9 сынып	5	1	1	1	3	1	1	1	9	2	25
11	Физика 10-11 сынып	8	4		2	3	1	3		1	3	25
12	Химия 7-9 сынып									25		25
13	Химия 10-11 сынып											0
14	Биология 7-9 сынып	7	2	3	4	4	4	10	4	8	4	50
15	Биология 10-11 сынып											0
16	География 7-9 сынып	6	3	2	2	1	3	2	2	2	2	25
17	География 10-11 сынып											0
18	Тарих 5-9 сынып	18	6	4	8	2	8	7	9	6	7	75
19	Тарих 10-11 сынып	5	2	1	4	2	2	2	3	2	2	25
20	Қазақ тілі (Т1) 5-9 сынып	50	21	7	17	7	19	25	15	15	20	196
21	Қазақ тілі (Т1) 10-11 сынып	7	4			2	5	4	4	27	1	54
22	Қазақ тілі (Т2) 5-9 сынып											0
23	Қазақ тілі (Т2) 10-11 сынып											0
24	Орыс тілі (Т1) 5-9 сынып											0
25	Орыс тілі (Т1) 10-11 сынып	11		2		3	2	2	1	1	3	25
26	Орыс тілі (Т2) 5-9 сынып	10	1	2	2	1	25	27	3	2	2	75
27	Орыс тілі (Т2) 10-11 сынып											0
28	Ағылшын тілі 5-9 сынып	19	6	5	5	3	1	6	3	60	6	114
29	Ағылшын тілі 10-11 сынып	17	5	4	4	2	34	6	7	1	6	86
30	Ұйғыр тілі									100		100
31	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту	23	9	3	9	13	8	10	8	8	9	100
32	Білім беру ұйымдарының аға тәрбиешілері	86				5	7			2		100
33	Орта білім беру ұйымдарының арнайы педагогтер/дефектолог	41	11	6	12	10	7	12	9	8	9	125
34	Аға тәлімгерлер	24	10	3	7	11	9	30	12	6	13	125
	Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту											0
35	ЖШМ-де кіріктірілген пәндері	10	22	8	12	10	12	55	7	7	7	150
36	Педагог-ассистенттер	8	2	4	1		12	1	2	15	5	50
37	Арнайы білім беру ұйымдарының аға тәрбиешілері	25			25					25		75
38	Кітапханашылар	41	9	9	24	21	35	13	7	6	10	175
39	Жаһандық құзыреттілік	62	2	10	32	31	32	33	36	30	32	300
40	Тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтер	6	3	2	1	2	1	28	3	27	2	75
41	Кәсіптік бағдарлау (онлайн)	4	5		1		2	6	2	3	2	25
42	Этномәдени құзыреттілікті дамыту (онлайн)	3	3	1		2		3	5	2	6	25
43	Action Research, Lesson Study, Learning Study әдістері (онлайн)	13		2	3		3	4	3		2	30
	БАРЛЫҒЫ ОБББ ҚҚ	705	175	125	220	201	398	380	203	577	241	3305

8. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы пәндік кәсіби құзыреттілікті дамыту педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша қысқа мерзімді курстар (400 педагог).

№	Контингент	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Мектепке дейінгі тәрбие мен	25		25

	оқыту ұйымдарының басшылары (менгерушілері)			
2	МДҰ әдіскері	25		25
3	МДҰ тәрбиешілері	146	29	175
4	Мектепалды тобының/сыныбының педагогтері		100	100
5	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының музыкалық жетекшілері	25		25
6	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қазақ тілі мұғалімдері		25	25
7	Арнайы педагогтер (дефектолог-мұғалім, дефектолог, логопед-мұғалім)		25	25
	Барлығы	221	179	400

2023 жылы Жетісу облысы бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалынан оқыған педагогтер саны

№	Курстардың бағыттары	Талдықорған қаласы	Қаратағ ауданы	Текелі қаласы	Сарқан ауданы	Ақсу ауданы	Алақол ауданы	Кербұлақ ауданы	Көксу ауданы	Панфилов ауданы	Ескелді ауданы	БАРЛЫҒЫ
1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының басшылары (менгерушілері)	10	2				2	2	2	5	2	25
2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әдіскерелі	10		1	3	2	1	2	3	2	1	25
3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешілері	81	7	13	6	9	8	13	15	11	12	175
4	Мектепалды тобының/сыныбының педагогтері	21	2	3	4	2	28	5	3	30	2	100
5	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының музыкалық жетекшілері	12	1	2	2			2		3	3	25
6	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қазақ тілі мұғалімдері	3		3	4	2	2	3	3	3	2	25
8	Арнайы педагогтер (дефектолог)	10			2	2	2	2	4	2	1	25
	БАРЛЫҒЫ МДББ ҚК	147	12	22	21	17	43	29	30	56	23	400

9. «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» (570 педагог):

№	Контингент	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Орта білім ұйымдарының басшы	27	59	86
2	Орта білім ұйымдарының орынбасары	67	145	212
3	Педагог-психолог	70	74	144
4	Әлеуметтік педагог	20	89	109
5	Педагог-психолог		19	19
	Барлығы	184	386	570

**2023 жылы Жетісу облысы бойынша
«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» оқыған педагогтер саны**

№	Курстардың бағыттары	Талдықорған қаласы	Қаратал ауданы	Текелі қаласы	Сарқан ауданы	Ақсу ауданы	Алакөл ауданы	Кербұлақ ауданы	Көксу ауданы	Панфилов ауданы	Ескелді ауданы	БАРЛЫҒЫ
1	Орта білім ұйымдарының басшы	15	10	2	7	7	4	15	10	7	9	86
2	Орта білім ұйымдарының орынбасары	46	22	8	11	10	14	29	31	12	29	212
3	Педагог-психолог, сынып жетекшісі, Әлеуметтік педагог	40	29	27	25	26	24	27	30	14	30	272
	Барлығы	101	61	37	43	43	42	71	71	33	68	570

10. АЖИББДУ ғылыми-практикалық орталығы (инклюзия) (14 педагог)

№	Контингент	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Инклюзивті білім беру	7	7	14

11. Балаларды ерте дамыту институты (250 педагог)

№	Контингент	I жарты жылдық	II жарты жылдық	жылдық
1	Басқару және менеджмент		10	10
2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын іске асыру	230		230
3	Мектепке дейінгі білім беру модельді іске асыру		10	10
	Барлығы	230	20	250

Ағымдағы жылы «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасын іске асыруда 7 білім беру ұйымының басшысының резерві курстан өтті.

1. Б.Ашимбаев - Алакөл ауданы Қабанбай №3 орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

1. А.Әлімқұлов - Қаратал ауданы Жамбыл орта мектебі директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

2. Е.Дандыбаев - Қаратал ауданы Ж.Молдағалиев орта мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

3. Д.Мухаметжанова - Алакөл ауданы Қарлығаш орта мектебі директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

4. Т.Розакова - Талдықорған қ., М.Ломоносов орта мектебі директорының ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;

5. А.Косахбаева - Ескелді ауданы Қарабұлақ орта мектебі директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

6. Г.Серикпаева - Алакөл ауданы №1 Қабанбай орта мектебі директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

7. Г.Умирхалыкова - Текелі қаласы №3 орта мектебі директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

Педагогтердің аттестаттаудан өтуі

2023 оқу жылы наурыз айында аттестаттаудан өту үшін **1 952** педагог өтініш білдірді. Соның ішінде:

- «**Педагог-шебер**» біліктілік санатына – **1** (*қосымша білім беру әдістемелік орталығының әдіскері*);

Педагогтер:

- «**Педагог – зерттеуші**» біліктілік санаттына жалпы орта білім беру мекемелерінен өтініш берген - **375 педагог**. Тесттен өткен – **372**; өтпеді – **3**.

- «**Педагог – сарапшы**» біліктілік санаттына жалпы орта білім беру мекемелерінен өтініш берген - **619 педагог**. Соның ішінде тесттен өткен – **564**; өтпеді – **23**; жыл соңына дейін сақтау - **32**.

- «**Педагог – модератор**» біліктілік санаттына жалпы орта білім беру мекемелерінен өтініш берген - **624 педагог**. Соның ішінде тесттен өткен – **407**; өтпеді – **128**; жыл соңына дейін сақтау - **89**.

- Ескі жүйе бойынша – **306 педагог** (бір жылға ұзартылды).

Аттестаттаудан өту үшін **8** басшы өтініш білдірді. Соның ішінде:

- «**Басшы-көшбасшы**» біліктілік санатына **1** басшы (№ 28 ІТ лицей директоры);

- «**Басшы-ұйымдастырушы**» біліктілік санатына **7** басшы (ППТК- 1, МИ-1, ОПМПК- 2, «Айналайын» балалар үйі – 1; Ақсу ППТК №6 – 1; Бастөбе сервистік-техникалық колледжі - 1). Тест өтпеген **3** басшы.

- «**Үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары**» - **19** директордың орынбасары; тесттен өткен **17**, өтпеді – **2**.

VI. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ЦИФРЛАНДЫРУ

Облыста мемлекеттік мектептер саны - 336 (*оның ішінде орта мектеп – 268, бастауыш мектеп - 32 , негізгі мектеп - 36*). Білім алушылар саны - **128 231** (*ұлттық деректер қоры бойынша*).

Мектептердегі компьютерлік техниканың саны – Компьютерлердің жалпы саны – **44 097** (компьютер, ноутбук), жұмыс істейтін компьютерлер – **36 101**, оқу процесіне тартылған компьютерлер – **31 537**. Планшеттер – **3 400**. Компьютер, ноутбук және планшетті қосқанда - **47 497**. Бүгінгі таңда **1** компьютерге оқушылар саны **2,7** құрайды.

Барлық мектептер интернет желісіне 100% қосылған (*ауыл мектептері - 281, қала мектептері - 58*). 50 Мбит/сек-тен 100 Мбит/сек-ке дейін жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген - **216** мектеп (64,3%). 20 Мбит/сек-тен 40 Мбит/сек-ке дейін - **68** мектеп (20,3%). 4 Мбит /

сек-тен 10 Мбит/сек - ке дейін - **52** мектеп (15,4%). Талшықты оптикалық байланыс желісі арқылы қосылған - **170** мектеп (қала-58, ауыл-112), радиомост арқылы - **119** мектеп (ауыл-119), ADSL арқылы - **20** мектеп (ауыл-20), спутник арқылы – **21** (ауыл-21), LTE (мобильная связь) -**6** мектеп (ауыл-6) қосылған.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, SpaceX компаниясымен келісім бойынша пилоттық режимде республика бойынша «Starlink технологиясына 10 ауылдық мектепті қосу» жоспарланды. Осы пилоттық жоба негізінде қалған **2 000** ауылдық мектепті интернетке қосу туралы шешім қабылданады. Облыс бойынша **68** мектептің тізімі осы жобаға ұсынылды. Қазіргі уақытта жоғары жылдамдықты интернетті ұсынудың техникалық мүмкіндігі жоқ мектептерде интернеттің жылдамдығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың **24** тамызында байланыс және интернет желісіне қолжетімділік сапасын арттыру мақсатында Жетісу облысының әкімдігі мен «Қазақтелеком» АҚ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, аталған меморандумға байланыс және интернет желісіне қолжетімділік сапасын арттыру және қамтамасыз ету бойынша проблемалық мәселелерді шешу үшін қол қойылды.

Облыста пәндік кабинеттердің жалпы саны – 802, оның ішінде: химия - **195**, физика - **201**, биология - **168**, STEM - **28**, т - **62**, робототехника - **8**, ЛМК – **125**, география-**8**, қазақ тілі мен әдебиеті-**3**, технология кабинеті-**3**, математика-**1**. Пайыздық үлесі - 72,6% құрайды. 2023 жылға алынатын модификациялық кабинеттердің саны- **45**. (Физика -10 (1 кабинеттің құны-12,999 мың.тг., 10 кабинеттің құны-129, 990 мың.тг.); химия-10 (1 кабинеттің құны- 12,700 мың.тг., 10 кабинеттің құны- 127,000 мың.тг.); биология -10 (1 кабинеттің құны- 12,999 мың.тг., 10 кабинеттің құны - 129,990 мың.тг.); STEM -10 (1 кабинеттің құны- 12,987 мың.тг., 10 кабинеттің құны-129,870 мың.тг.); Робототехника - 5(1 кабинеттің құны- 9,700 мың.тг., 5 кабинеттің құны - 48,500 мың.тг.). Барлығы **45** пән кабинетінің құны – **565,350** мың.тг.

Бүгінгі таңда **10** STEM, **5** робототехника, **1** биология, **1** химия және **2** физика кабинеттері алынып, орнатылды. **26** кабинет: **9** химия, **8** физика, **9** биология кабинеттері орындалу үстінде. Пайыздық үлесі -**84,5%** құрайды.

Облыстың жалпы білім беретін мектептері «Bilim Land», «Online mektep KZ», «Bilim Center», «tester.kz», «Edupage, Kundelik.kz», «Daryn online.kz» цифрлық платформаларының білім беру ресурстарын пайдаланады.

Әдістемелік кеңес

Ағымдағы жылдың **18** қаңтар күні №1 Әдістемелік кеңес өтті. Кеңесте облыстық, аудандық, қалалық әдістемелік орталықтың **2022** жылғы жұмысына қорытынды және **2023** жылдың міндеттері, орталықтың жоспарын бекіту, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта,

техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, облыс бойынша білім сапасын арттырудың бағдарламасы, «Мектепке дейінгі ұйым тобындағы күн ішіндегі екі педагог» пилоттық жобасының іске асуы, «Тағылым» жобасын енгізу, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру бойынша TIMSS, ICILS халықаралық зерттеулеріне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру және Сараптамалық кеңестің жұмысы туралы өзекті мәселелер талқыланды.

14 сәуірде №2 Әдістемелік кеңесте аудандық қалалық әдістемелік орталықтың қызмет жағдайын зерделеудің қорытындысы (*Сарқан, Панфилов, Ескелді, Кербұлақ аудандық, Талдықорған қалалық әдістемелік орталығы*), физика, химия, биология, STEM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізі және орта мектеп педагогтерінің кабинет мүмкіндіктерін пайдалануы туралы мониторинг қорытындысы, «Сәтті қадам» жобасының іске асырылуы және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңа моделін іске асыру туралы мәселелер қаралып, нақты шешімдер қаралды.

№3 Әдістемелік кеңес 27 маусымда өтті. Кеңеске аудан, қала бойынша әдістемелік орталық әдіскерлері шақырылды. Мектепшілік бақылаудың жүргізілуі, білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауы, педагогтерді аттестаттаудан өткізу, ББЖБ - 2022 нәтижесі мен халықаралық зерттеулерге дайындығы, пәндік ассоциация жұмыстарының қорытындысы қаралды. Сонымен қатар Сараптамалық кеңеске түскен 26 авторлық бағдарлама облыстық деңгейде бекітіліп, 2 авторлық бағдарлама Республикалық Сараптамалық кеңеске ұсынылды. Тамыз кеңесіне дайындық жұмыстары бойынша орталық әдіскерлеріне нұсқаулық берілді.

VII. ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ

Облыста 27 колледж (оның 21-і мемлекеттік, 1-КЕАҚ, 5-жекеменшік. (*Талдықорған қаласы-13 колледж, Үшарал қаласы-1 колледж, Текелі қаласы-1 колледж, Сарқан қаласы-2 колледж, Жаркент қаласы-3 колледж, Үштөбе қаласы- 1, 6-ы ауылдық жерде орналасқан*) бар. Колледждер ауылшаруашылық, қызмет көрсету, құрылыс, машина технологиясы және жабдықтау, техникалық, педагогикалық, заңгерлік, экономикалық, медициналық бағытында жұмыс жасайды.

Инженер-педагогтердің мемлекеттік, жекеменшік және ауылдық, қалалық көрсеткіші

Кесте 1

№	Лауазым	Барлығы	Мемлекеттік	Жекеменшік	КЕАҚ	Ауыл	Қала
1	Директор	27	21	5	1	6	21
2	Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	27	21	5	1	6	21

3	Өндірістік оқыту орынбасары	25,5	22	3	0,5	6	19,5
4	Кәсіптік білім беру орынбасары	12	11	1	0	2	10
5	Тәрбие жұмысы орынбасары	24,5	20	4	0,5	6	18,5
6	Оқу-әдістемелік орынбасары	5	4	1	0	0	5
7	Ақпараттық технологиялар орынбасары	10	10	0	0	1	9
8	Бөлім меңгерушісі	25	22	3	0	2	23
9	Әдіскер	26	22	3	1	6	20
10	Психолог	24,5	22	2	0,5	6	18,5
11	Аға шебер	12	12	0	0	5	7
12	Өндірістік оқыту шебері	207	207		0	54	153
13	Тәрбиеші	29,5	26	3	0,5	6	23,5
14	Дене тәрбиесі	108	96	7	5	19	89
15	АӘД	29	23	5	1	6	23
16	Жалпы әлеуметтік-экономикалық пәндер	38	17	16	5	1	37
17	Жалпы білім беретін пән	336	278	39	19	49	287
18	Арнайы пән оқытушылары	455	365	67	23	51	404
БАРЛЫҒЫ		1459	1216	180	63	233	1226

Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері инженер-педагогтерінің сандық, сапалық құрамы туралы

Кесте 2

Аймақ	2022	2023
Мемлекеттік	1361	1216
Жекеменшік	371	180
Қала	1264	1226
Ауыл	468	233

Инженер-педагогтердің ғылыми дәрежесінің көрсеткіші

Кесте 3

	Ғылым докторы	Ғылым кандидаты/PhD докторы	Магистр
2022	9	21	377
2023	0	2	100

Инженер - педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі туралы

Ағымдағы жылға барлығы-441 инженер-педагог біліктілігін арттыру жоспарланды. (152 НЗМ-нен, 289 «Талап» КЕАҚ)

«Талап» КЕАҚ мамыр-қараша аралығында барлығы 289-і, яғни 206 педагог, **19** әдіскер **64** басшылар біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, сертификатталды. **«Талап» КЕАҚ-нан** маусым айында 34 педагог «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында «Музыка және театр өнері» және «Мода және дизайн» құзыреттілігі бойынша 15 арнайы пәндер педагогтері біліктіліктерін арттырды.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы әдіскерінің қызметін жетілдіру» тақырыбында 19 әдіскер біліктілік курсынан өтті. Қыркүйек айынан бастап 191 педагог «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында «Музыка және театр өнері», «Мода және дизайн», «Электроника және автоматика», «Білім беру», «Ауылшаруашылығы», «Орман шаруашылығы», «Ветеринария», «Жаратылыстану ғылымдары», «Денсаулық сақтау», «Шаштараз», «Қонақ үй шаруашылығы», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Туризм» құзыреттілігі бойынша біліктілік арттыру курсынан өтті. «Білім берудегі Менеджмент: қазіргі білім беру жағдайындағы ТЖКББ басшысының тиімді стилі» тақырыбында ағымдағы жылдың 06.11-17.10 аралығында 18 басшы біліктілік арттыру курсынан өтті. «Білім берудегі менеджмент: колледждегі оқу-өндірістік процестің сапасын басқарудың инновациялық стилі» тақырыбында ағымдағы жылдың 09.10-20.10 аралығында 23 басшының оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарлар біліктілік арттыру курсынан өтті. «Білім берудегі менеджмент: колледждегі оқу процесінің сапасын басқарудың инновациялық стилі» тақырыбында ағымдағы жылдың 06.11-17.11 аралығында 23 басшының оқу жұмысы және ғылыми әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарлар біліктілік арттыру курсынан өтті.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО 10-19 мамыр аралығында 52 педагог (11.9%,) 72 сағаттық біліктілік арттыру курстарынан өтіп сертификатталды.

Біліктілік арттыру курсына **16 информатика** пәнінің педагогтері «Колледжде информатиканы оқыту: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялар» тақырыбында, **18 математика** пәнінің педагогтері «Колледжде математиканы оқыту: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялар» тақырыбында, **18 қазақ тілі және қазақ әдебиеті** пәнінің оқытушылары Колледжде қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқыту: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялар» тақырыбында біліктіліктерін арттырды.

04-15 қыркүйек аралығында «Колледжде химияны оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында **7 педагог химия** пәнінен курстан өтті.

11-22 қыркүйек аралығында «Колледжде орыс тілі мен әдебиетін оқыту: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» тақырыбында **16 педагог орыс тілі және әдебиеті** пәнінен, «Колледжде ағылшын тілін оқыту: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» тақырыбында **16 педагог ағылшын тілі** пәнінен, «Колледж білім алушыларын психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыптарындағы **20 психолог** біліктілік арттыру курсынан өтті.

30 қазан – 10 қараша аралығында «Колледжде тарихты оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында **16 педагог тарих** пәнінен және «Колледжде физиканы оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында **16 педагог физика** пәнінен, «Колледжде географияны оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында **4 педагог география** пәнінен және «Колледжде биологияны оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында **5 педагог биология** пәнінен курстан өтті.

Кесте 4

№	Курстан өткен мекеме атауы	Форматы	Колледж саны	Педагогтер саны
1	«Талар» КЕАҚ	Офлайн	22	289
2	«Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ ПШО	Офлайн	22	131
Қамтылуы: 29,4 %				

Облыстық шаралар

Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау, үздік тәжірибені насихаттау мақсатында ақпан-наурыз айларында онлайн ашық сабақтар кестесі бекітіліп, педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы біліктілігін иеленген **36 педагогтің** іс-тәжірибесі таратылды.

26 қыркүйекте Талдықорған индустриалды колледждің базасында «**Ең үздік кәсіптік білім беру ұйымы – 2023**» облыстық байқауы өтті. Нәтижесінде:

I орын, 1 000 000 (бір миллион) теңге сертификат – Талдықорған политехникалық колледжі, колледж директоры - Нұрғожаев Шыңғыс Болатұлы;

II орын, 500 000 (бес жүз мың) теңге сертификат – Талдықорған жоғары медициналық колледжі, директоры - Джансенгиров Серік Максимұлы;

III орын, 300 000 (үш жүз мың) теңге сертификат – Сарқан көпсалалы колледжі, колледж директоры – Каримов Мухтар Алибекұлы.

Келесі номинациялар иегерлері:

«Инновация шеберханасы» номинациясы, **100 000 (жүз мың) теңге** сертификат Сарқан политехникалық колледжі, колледж директоры – Дармишев Ерлан Ерузақұлы;

«Жаңашыл колледж» номинациясы, **100 000 (жүз мың) теңге** Жаркент жоғары педагогикалық колледжі, колледж директорының уақытша міндетін атқарушы- Курабалдиева Клара Бавашевна;

«Жетістік жолында» номинациясы, **100 000 (жүз мың) теңге** Талдықорған индустриялық колледжі, колледж директоры – Джумадилов Асет Қазыйұлы.

29 қыркүйекте «Талдықорған аграрлы-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК базасында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері және өндірістік оқыту шеберлері арасындағы «Нан, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы «Кондитерлік ісі» кұзыреттілігі бойынша облыстық кәсіби шеберлік байқауы өткізілді.

Байқау аспектілері: іс-әрекеттің дұрыс реттілігі, салалық стандарттарды сақтау. орындалу дұрыстығы, сала стандарттарының талаптарына төзімділік, орындалу уақыты, өз іс-әрекеттерінің негіздемесі.

Байқау қорытындысы бойынша:

Бас жүлде – Самакова Алия Амергалиевна, Талдықорған аграрлы-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК өндірістік оқыту шебері;

I орын- Сабыржанова Айнур Байбулановна – «Талдықорған сервис және технология колледжі» ШЖҚ МКК өндірістік оқыту шебері;

II орын- Сапиева Айгерім Махатовна – «Текелі кәсіптік колледжі» ШЖҚ МКК арнайы пән оқытушысы;

III орын- Қали Айгерім Бейсенбекқызы – «Қапал кәсіптік колледжі» МКҚК өндірістік оқыту шебері иеленді.

Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына арналған сабақтан тыс іс-шаралар фестивалі Көксу ауылшаруашылық колледжі базасында 2 қарашада өтті. Байқауға облыстағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарынан 20 колледждің 26 педагогтері қатысты. Фестиваль қорытындысы бойынша:

I орын – Ақсу агротехникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері Жармуханбетова Нурбала;

II орын – Талдықорған индустриялық колледжінің Тарих пәнінің оқытушысы Бакетова Бақытгуль Кенесовна;

II орын - I.Жансүгіров атындағы Zhansugyurovcollege арнайы пән оқытушысы Бағдатқызы Айдана;

III орын – Талдықорған аграрлы-технологиялық колледжінің химия пәнінің оқытушысы;

III орын – «Диана» жоғары медицина колледжінің тарих пәннені оқытушысы Макенов Абзал Сайранович;

III орын – Жаркент көпсалалы колледжінің Физика және информатика пәндерінің оқытушысы Нусипкожаева Гульзада Хажимуқановна иеленді.

Республикалық «Үздік педагог» конкурсына техникалық және кәсіптік, орта білім беру ұйымдарынан 12 педагог өтінім беріп, 2 кезеңге 2 жеңімпаз Республикалық байқауға өтті. «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ МКК арнайы пән оқытушысы Сагиндыкова Жулдыз Алимбатыровна (портфолиодан 100 ұпай), «Жаркент жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК география пәнінің оқытушысы Джумабаева Ардак Калибековна (портфолиодан 83 ұпай).

20 қазанда Көксу политехникалық колледжі базасында «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша **«AgroSkills - 2023»** өңіраралық кәсіби шеберлік конкурсы өтті.

Байқауға облыстағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарынан 8 колледждің 12 өндірістік оқыту шеберлері қатысты. Конкурстың қорытындысы бойынша:

Бас жүлде – Көксу политехникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері– Кенбаев Тимур Болатович;

I орын – Ақсу агротехникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері Турарбеков Бақтияр Қанатұлы;

II орын – Көксу ауылшаруашылық колледжінің өндірістік оқыту шебері– Жақсыбаев Мұхтарбек Қамбарович;

III орын – Сарқан политехникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері Куандыков Ернар Сайлауович иеленді.

Түсіндіру жұмыстары

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру басшылыққа алынатын нормативтік құжаттар, білім беру бағдарламалары бойынша түсіндірме жүргізіп, педагогтерді аттестаттаудың жаңа ережесінің жобасымен таныстырды.

Зерделеу жұмыстары

Қыркүйек, қазан айларында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына *(Талдықорған индустриялық колледжі, Жетісу құрылыс-техникалық колледжі, Талдықорған сервис және технология колледжі)* зерделеу жұмысы жүргізілді. Зерделеу барысында колледждердің оқу-тәрбие үрдісінде кемшілік анықталып, төмендегідей ұсыныстар берілді:

- Колледждің оқу-жұмыс жоспарын ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес құру;
- Өндірістік сабақтардағы техникалық қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
- Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің сабақ жоспарының талаптарға сәйкес жоспарлануын қадағалау, өзара сабаққа қатысу, тәжірибе алмасу
- Кәсіптік оқытуды жүзеге асыруда жұмыс берушілермен байланысты нығайту.

Техникалық және кәсіптік, орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы

11 қазанда Қазыбек бидің 355 жылдығына арналған ұлт болашағын тәрбиелеуде ғылыми мұрасын насихаттау арқылы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инженер-педагогтерімен диалогтік алаңын құру мақсатында «ТҰЛҒА МЕН МҰРА» атты республикалық онлайн конференциясы өтті. Конференцияға І. Жансүгіров атындағы ЖУ білім берудегі бағдарлама жетекшісі, «Адамның үйлесімді дамытудың ұлттық институты» КЕАҚ аға оқытушысы, ТЖКББ оқытушылары мен жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтерімен пленарлық отырыс және 2 секция жұмысын жасады.

13 қарашада есірткіге қарсы үгіт насихат жасау мақсатында Талдықорған индустрия колледжінде «Наркомания социальное зло» тақырыбында білім алушылармен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатына Жетісу облысының полиция басқармасының есірткі қылмысына қарсы іс қимыл басқармасының жедел өкілі М. Ысқақова, колледж инспекторы Д. Мырзагулов, орталық әдіскері Л. Орманова, облыстық салауатты өмір салты басқармасының маманы Т. Черненко директорды орынбасары Х. Карипжанова қатысты.

Тәрбие жұмысы бойынша 14 қараша күні әдістемелік өнім - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының, әлеуметтік педагогтің, педагог-психологтың, топ кураторының, оқытушының, өндірістік оқыту шеберінің колледжде мониторинг жүргізу, талдау қызметі, әдістемелік қамтамасыз ету және тәрбие жұмысын жоспарлау бойынша әзірлемелерді қамтыды. Аталған іс шараға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар қатысты.

21 қарашада жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әдеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратының ескерту, есірткі, ішімдік және темекенің келешек өмірлеріне зардаптары, адам ағзасына теріс әсері туралы түсіндіру мақсатында Жетісу білім басқармасы және Жетісу облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен бірлесіп, «Нашақорлық – әлеуметтік қатер! есірткіні қолданудың қауіптілігі мен салдары. Токсикоманияның зияны» тақырыбында Талдықорған жоғары медициналық колледжінің базасында сыныптан іс - шара өтті.

22 қараша күні Жетісу білім басқармасының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Саналы ұрпақ -2023» байқау өтті. Байқаудың қорытындысы бойынша Талдықорған жоғары медициналық колледжі бас жүлде және 350 000 сертификатын, Талдықорған сервис және технология колледжі І орын және 300 000 сертификатын, Талдықорған аграрлы-технологиялық колледжі ІІ орын және 250 000 сертификатын, Zhansugurov college ІІІ орын және 200 000 сертификатын, сондай-ақ «Ең үздік

презентация» номинациясын және 100 000 сертификатын Текелі кәсіптік колледжі, «Ең креативті команда» номинациясын және 100 000 сертификатын Талдықорған инновация колледжі, «Жана тыныс» номинациясын және 100 000 сертификатын Жаркент жоғары педагогикалық колледжі иеленді.

23 қараша күні волонтерлік қозғалысты жандандыру мақсатында Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен «Жыл волонтері» форумы өтті. Форумға өңірімізде белді қызмет атқарып жүрген волонтерлер, ұйымдар, қозғалыс жетекшілері қатысты. Форум аясында жергілікті атқарушы органдардың волонтерлерді қолдау аясы талқыланды. Осы орайда, облысымыздың 50% волонтерлері мектеп оқушылары, колледж студенттері екенін ерекше аталды. Форум соңында үздік волонтерлер марапатталды.

28 қараша күні Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы бірлесіп, интернет кеңістікте алаяқтарға қарсы іс-әрекеттеріне бағытталған ақпараттық материалдарды жеткізу мен қоғамға таныстыру мақсатында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері мен студенттеріне «Алаяқ.kz» Алаяқтарға Алданба» тақырыбында форум өтті. Аталған іс шараға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар мен студенттер қатысты.

Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Жетісу облысының білім басқармасы және Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасының АИТВ-ның алдын алу орталығымен бірлесіп, 29 қараша күні 16 – желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тоғызқұмалақтан» техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттер арасында облыстық турнир өтті. Байқаудың қорытындысы бойынша:

I орын Талдықорған жоғары политехникалық колледжі;

II орын «Авиценна» колледжі;

III орын Көксу ауыл шаруашылық колледждерінің командалары жеңіске жетті.

01 желтоқсанда Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжінде кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдары студенттерінің арасында «Кәсіпкерлікті қолдау: Smart экономика» тақырыбында облыстық байқау өтті. Байқауға облыстың 11 колледжінен командалар қатысып, өз бақтарын сынады. Байқаудың негізгі мақсаты: колледж студенттерін кәсіпкерлікке баулу, экономикалық білімдерін шыңдау, қаржылық сауаттылықтарын арттыру, колледж студенттері арасында достық қарым-қатынас орнату. Нәтижесінде:

I дәрежелі дипломмен I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov College» «Infinity» командасы,

II дәрежелі дипломмен Талдықорған сервис және технология колледжі «Кухня 5» командасы,

III дәрежелі дипломмен Талдықорған индустриялық колледжі «Миллион» командасы, басқа командалар «Үздік бейнеролик», «Жас экономист», «Ең үздік кәсіпкерлік идея», «BATTLE топ», «Белсенді

JASSTAR» «SMART топ», «Креативті STAR TUP» номинацияларымен марапатталды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар және студенттеріне Жетісу облысының прокуратурасымен бірлескен кездесу ұйымдастырылды.

«Education шеберханасы» жобасы

2023 жылдың мамыр айларында Жетісу облысы білім басқармасының әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес «Education шеберханасы» жобасы бойынша «Академиялық дербестік мүмкіндіктерінде оқу-өндіріс және оқу-әдістемелік басқару» оқыту семинары Жаркент, Текелі, Сарқан, Талдықорған аймақтарына бөлініп өткізілді. Оқыту семинарына колледж басшыларының оқу жұмысы және өндірістік-оқыту жұмысы жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Әдістемелік сүйемелдеу

Колледждегі басқару және академиялық дербестіктің мүмкіндіктері тақырыбында колледждердің педагогтеріне, басшы орынбасарларына «Колледждегі академиялық және басқару дербестігін кеңейту», «Академиялық дербестік аясында: оқу үрдісіндегі ерекшеліктер», «Взаимодействие с партнерами в рамках реализации академической самостоятельности: проблемы и перспективы» тақырыптарында әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының 5-қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып, қойылатын талаптар, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар, білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар, оқу уақытына қойылатын талаптар, техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделі бойынша әдістемелік кеңес колледж басшысы, басшы орынбасарларының арасында жүргізілді.

Колледждердің мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтуі туралы

2023 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында Жетісу облысының білім беру саласында сапаны қамтамасызету комитеттінің аумақтық департаменті жүргізген мемлекеттік аттестаттау 22 колледж бойынша жүргізілді. Мемлекеттік аттестаттау бойынша бірден жақсы нәтиже көрсеткен колледждер: Талдықорған жоғары политехникалық колледжі, Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі, Сарқан политехникалық колледжі,

Сарқан гуманитарлық колледжі, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің колледжі, Текелі кәсіптік колледжі.

Аттестатталмаған колледждер саны - **16** (*Үшкемпіров Жақсылық атындағы облыстық мамандандырылған резервтегі спорт мектеп-интернат-колледжі, Талдықорған сервис және технология колледжі, Қ.Байсейтов атындағы Талдықорған саз колледжі, Талдықорған агро-техникалық колледжі, Жаркент жоғары гуманитарлық техникалық колледжі, Жаркент көпсалалы колледжі, Көксу политехникалық колледжі, Көксу ауылшаруашылық колледжі, Бастөбе сервистік техникалық колледжі, Қапал кәсіптік-техникалық колледжі, Ақсу политехникалық колледжі, Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжі, Тоқжайлау политехникалық колледжі, Талдықорған индустрия және жаңа технологиялар колледжі, Жетісу әлеуметтік-гуманитарлық, Білім гуманитарлық колледжі*).

Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы төмендегідей кемшіліктер анықталды:

✓ Қазақстан Ресубликасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы ТЖКБ МЖБС талаптарына сәйкес келмеуі.

✓ Өзін-өзі бағалау есептерінде мамандықтар мен біліктіліктер шифрларының сыныптаушы бойынша дұрыс көрсете алмауы;

✓ Колледждерде қорытынды және аралық аттестация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес жүргізілмеуі;

✓ Колледждегі білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы ТЖКБ МЖБС тараулары мен тармақшаларына сәйкес жүргізілмеуі;

✓ Колледждердің кәсіптік практикадан өтудегі ҚР БҒМ 107 бұйрығының қосымшаларына сәйкес ұйымдастырылмауы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 [бұйрығымен](#) бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес еместігі;

✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 [бұйрығымен](#) бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) 1, 2-қосымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің (бұдан әрі- ТЖКБ) оқу жоспарының моделі негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларының талаптарға сәйкес жоспарланбағандықтары анықталды.